



ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Қанат Есболатовтың төрағалығымен өңірдегі құқықбұзушылықтың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның қорытынды жиыны өтті. Онда басқа адамның мүлкін ұрлау, психоактивті заттарды қолдану және жол-көлік оқиғаларының алдын алу бойынша қабылданып жатқан шаралар мен жұмыс барысы талқыланып, келесі жылдың жоспары бекітілді.



Суреттерді түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

● Гүлзат БАЙҚОНЫСОВА —

Бірінші болып баяндама жасаған облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Арман Тіленшин басқа адамның мүлкін ұрлау облыс бойынша ең көп таралған қылмыстың бірі екенін жеткізді. Осы жылдың 10 айының қорытындысы бойынша, 2024-2026 жылдарға арналған ұрлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасы нәтижесінде бұл қылмыс 23%-ға төмендеген. Жыл басынан бері 181 мал ұрлығы жағдайы тіркеліп, өткен жылмен салыстырғанда 9 пайызға азайған. Қанат Болатұлы әкімдікпен, мал және табын иесімен ұшжақты келісімшарт болу керекін, малды уақытша ұстайтын қора-жайларды көбейту қажеттігін айтты.

Екінші мәселе психоактивті заттарды қолдану әсерінен болған психикалық мінез-құлық бұзылулары бойынша облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ержан Сүлейменов баяндама жасады. 2024 жылдың 10 айының қорытындысы бойынша диспансерлік бақылауда 2993 адам тіркелген. Бұл көрсеткіш биыл ұлғайған. Олардың 30,2%-ы – каннабиоидтарды, 42,9%-ы – аралас есірткілерді, 20,9%-ы – опиоидтарды және 5,9%-ы синтетикалық стимуляторларды тұтынған. Соңғы бес жылда опиоид тұтынушыларының саны 1,5 есеге азайған, алайда аралас есірткі тұтынушылар 14,5%-ға, ал синтетикалық стимуляторларды пайдаланушылар екі есеге артқан.

Сондай-ақ 2023 жылдан бастап жастардың медициналық тәжірибеде қолданылатын азот тотығын қолдануы ерекше алаңдаушылық туыруда. Жиын барысында бүгінде синтетикалық стимуляторларды тұтынушылардың көбейіп келе жатқанын және оны анықтайтын құрылғы санын көбейтіп, сатып алу үшін Денсаулық сақтау министрлігіне ұсыныс беру жайы сөз болды. Комиссия отырысында өңірдегі жол-көлік оқиғалары мәселесі де қарастырылды. Арман Тіленшиннің айтуынша, биыл жол-көлік оқиғаларының саны – 22%-ға, қаза болғандар – 2,7%-ға, жаракат алғандар 33,5%-ға өскен. Көрсеткіштің артуына жыл сайын автокөлік санының

өсуі, жол-көлік оқиғаларын тіркеу тәртібінің өзгеруі, жүргізушілердің ережелерді өрескел бұзуы, жол жағдайы мен белгілердің болмауы себеп болған. Талқылау кезінде республикалық автожол бойындағы адам көп шоғырланған аймақтарда жылдамдық шегін төмендетіп, жүргізуші куәлігін алу, техникалық жағдайын тексеру кезіндегі шарттарды күшейту қажеттігі, көк тайғақ кезінде қолданылатын материалдың қысқа дайын болуы керекі айтылды. Облыс әкімі аппаратының құқық қорғау органдарымен жұмыс бөлімінің басшысы Сағынай Мұсағитов жыл басынан бері облыстағы жалпы қылмыстың саны өткен жылмен салыстырғанда 16,1%-

ға төмендегенін айтты. Оның ішінде қылмыстың аса ауыр түрі – 57%-ға, орташасы – 10,9%-ға, жеңіл түрі 16%-ға төмендеген. Облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы Қазыбек Дәуітәлиев қайталанып жасалған қылмысты азайту, түрмеден босатылып шыққан азаматтарды қоғамға қайта бейімдеу үшін әлеуметтік оңалту орталықтары ашылса деген ұсынысын білдірді. Жиын қорытындысында Қанат Есболатов көтерілген барлық мәселе бойынша аудан, қала әкімдері облыстық құқық қорғау органдарымен, денсаулық сақтау басқармасымен және полиция департаментімен біріге отырып, қылмыстың алдын алу шараларын күшейтуді тапсырды.

СЕМИНАР

БОЛАШАҚ БҮГІННЕН БАСТАЛАДЫ



Қарасай ауданына қарасты «Aul Resort» демалыс аймағында «Bolashaq bugin» тақырыбында жастар ресурстық орталығы мамандарының біліктілігін арттыруға арналған семинар өтті. Семинарды облыстық жастар ресурстық орталығы ұйымдастырды. Шараға облыс әкімінің орынбасары Ғани Майлыбаев қатысты.

● Қуат ҚАЙРАНБАЕВ —

Семинарға әр ауданнан келген жастар алдымен топқа бөлініп, өз көшбасшыларын анықтады. Ал «Jas talks» деп аталатын пікірталас алаңының жұмысы өлке жастарының бір жыл бойы атқарған жұмысын айшықтайтын бейнекөріністен басталды. Осыдан кейін мінберге шыққан облыс әкімінің орынбасары Ғани Майлыбаев бұл күнгі шараның мәні мен маңызына тоқталды. – Алатаудың әсем бір баурайына жиналып, еліміздің бүгінгі мен болашағы туралы, оған жастардың қосар үлесі

ең алдымен жүректегі жалын мен бойдағы қуат қажет екенін айтқым келеді. Алдымен түрлі жастар құрылымдарында еріктілер қатарында еңбек етіп, содан кейін ауыл, аудан деңгейіндегі баспалдақтардан сүрінбей өткен жастар, сөз жоқ, осы жолда өз мақсаттарына жетеді.

Бүгінде облысымызда 430 мың жас тұрады. Бұл барлық тұрғынның 28 пайызын құрайды. Ал осы шаңырақ астында солардың ең үздіктері жиналып отыр деп ойлаймын. Демек, еліміздің болашағы үшін жауапкершілік те өздеріңізге жүктелмек. Сондықтан алдағы жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін! – деді Ғани Айдарұлы.

Келесі кезекте сөз алған облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы, заң ғылымдарының кандидаты, профессор, Ұлттық құрылтайдың мүшесі Қазыбек Дәуітәлиев еліміздегі идеология, жүйрда ғана қабылданған Мемлекет басшысының «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттарын, құндылықтары мен бағыттарын бекіту туралы» Жарлығы жайында кең көлемде баяндап өтті.

Жиын барысында «Dauletten» қайырымдылық қорының директоры, Президенттік жастар кадр резервінің мүшесі Жасұлан Бостандықұлы аталған құрылымдардың атқарып жүрген игі істері жайлы баяндаса, «Инновациялық технологиялар паркі» дербес кластерлік қорының Қонаев қаласындағы филиалының өңірлік менеджері Жазира Жұмахан мен «Қоғамдық келісім және даму орталығы» КММ-нің қоғамдық институттармен жұмыс жүргізу бөлімінің басшысы Ақжарқын Дүйсенғали салалық бағыттағы жұмыстың ерекшеліктері мен жастарға қатысты бағдарламалар жайында аңгімеледі. Осы күні белсенді жастар IQ зияткерлік ойынына қатысып, соңынан форумның ашылуы салтанатты түрде аталып өтті.

(Соңы 2-бетте) ➔

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

Медиаменшікшілік – бүгінгіңің дерті



Ақпарат әлемі әрқайсымыздың мойнымызға қамыт салып, өзіне тәуелді етіп алғандай. Ақпарат ағымына ілесемін деп көп жағдайда шынайы өмірден алыстап, виртуал әлемнің тұтқынына түсеміз.

3-бетті қараңыз

Ғылымды инвестиция тарту арқылы дамытамыз



Тоқсан жылдан астам тарихы бар еліміздегі көпбасшы жоғары оқу орны, өзіңіз атап өткендей, бәріміз мақтан тұтатын ҚазҰУ бүгінде әлемдік үздік 200 университет қатарына енген. ҚазҰУ QS әлемдік рейтингінде 166-орында, ал Азияда 29-орында тұр.

4-бетті қараңыз

Тарих таңбалаған 90 жыл



90 жыл! Бұл – тарихтың өзі таразылаған, таңбалаған уақыт. Бұл – біздің өткеніміз, жетістігіміз және бүгінгіміз әрі келешегіміздің бастауы. Ендеше, ертеңгіміз еңселі болсын!

6-бетті қараңыз



2025 – ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ ЖЫЛЫ

ТЕХНИКАНЫҢ ТІЛІН ТАПҚАН

Әр адам таңдаған кәсібін сүйіп, оның қыр-сырын жетік меңгеріп, жұмысын жан-тәнімен атқарғанда ғана қоғам үшін пайдалы тұлға айналады. Міне, сондай өз ісіне шынайы берілген жанның бірі – Қонаев қаласының тұрғыны, Алматыдағы «Green Recycle» қоқыс сұрыптау зауытының механизаторы Бауыржан Момышұлы. Есімі де Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының құрметіне қойылған кәсіби маман Алматы облысында да еселі еңбек еткен.



● Алма ЕСЕНБАЙ

Ол еңбек жолын осыдан отыз жыл бұрын Заречный ауылында механизатор болып бастаған. Одан кейін «Су арнасы» мекемесінде қызмет етіп, Арна ауылының әр үйіне суртарту ісіне белсене араласқан. Ол үшін Қапшағай қаласы мен Заречный ауылы әкімдерінің Құрмет грамотасын да алған.

– Кезінде Дінмұхамед Ахметұлы іргетасын қалап кеткен Қонаев қаласы бүгінде облыс орталығы атанып, көркейе түсуде. Осы қаланың отыз жылдан бергі тұрғыны ретінде қаланың қайта гүлденіп жатқанына шексіз қуаныштымын. Бұл – берекелі, құтты жер. Осында еңбек жолымды бастап, отбасылы, үйлі, бала-шағалы болдым. Бұл жерге кезінде еліміздің әр түкпірінен келіп, адамдар қоныстанған. Қазір де тұрғындар қатары Алматыдан, Талдықорғаннан келіп қызмет етіп жатқан мамандармен толығуда, – деді.

Кейіпкеріміз соңғы жылдары Алматы қаласындағы «Green Recycle» қоқыс сұрыптау зауытында еңбек етуде. Бұл – тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптап, қайта өңдеумен айналысатын бірегей кәсіпорын. Мұндағы қалдықтар қайта өңдеуге немесе қайта пайдалануға деп бөлінеді. Престелген қалдықтар қайта өңдеу орындарына, ал өңдеуге келмейтін қоқыс қалалық полигонға жіберіледі.

Бұл іс-шаралар өндірістік айналымға материалдарды көптеп қайтаруға ғана емес, сонымен қатар кокыс шығару, оны бөлу шығындарын, қоршаған ортаның жалпы ластануын азайтуға, полигондар қатарын кемітуге мүмкіндік береді. Осында жүк тиегіш көлікті тізгіндеген Бауыржан ағамыз жұмысының өзіне ұнайтынын, қызметкерлер үшін барлық жағдай жасалғанын алға тартады.

– Мұндағы техниканың бәрі жаңа. Отырсаң болды, зырылдап жүріп береді. Майын, суын көрсетіп тұрады. Бұрынғы тракторларды май-суын өзін тексеріп, қарайтынсың, өзін оталдыратынсың. Қазір келе жатып, кілттің тетігін бассаң, трактордың оталып тұрады. Бір жері бұзылса, май-суы аз болса, бірден белгі береді. Бүгінде техниканың түрі көп. Мәселен, экскаватор өз алдына бөлек техника. Жер жыртатын «Беларусь» тракторлары мен жүк тиегіш көліктер өздігінен мықты. Техникалар өте дамыған. Ішінде керектің бәрі бар. Көліктерді күтіп ұстауға да ерекше мән беріледі. Кокыс әкеліп төккен сайын машиналарды жуып, тазалап отырады. Трактор жүргізуден, жана техниканы меңгеруден шаршамаймын. Өйткені, бұл – менің бала кезден қызыққан кәсібім. Әуел баста Отарда әскери борышымды

атқарып жүргенде танк айдадым. Одан соң трактор рөліне отырдым. Содан бері тоқтаусыз қызмет етіп келемін, бүгінде әмбебап маманмын. Шәкірттерім де көп. Жастарға өз білгенімді үйретуден шаршамаймын. Кезінде маған да өзімнен үлкен ұлты орыс механизатор трактормен жер қазуды үйреткен еді. Бастапқыда қикалақтатып, жерді дұрыс қаза алмайтынмын. Сонда әлгі аға механизатор: «Техниканың да жаны бар, оны жүрекең сезу керек. Әр нәрсені ынта-ықыласыңмен істегенде ғана жұмысың өнімді болады», – деп қалай дұрыс қазу керектігін үйретіп, көрсеткен. Сол себепті мен де жастардан білгенімді аямаймын. Шәкіртті басынан дұрыс үйретпей, қикалақтатсаң, ары қарай солай кетеді. Жас мамандарды дұрыс тәрбиелеу керек, – деді өз кәсібінің майталманы.

Иә, расымен де жас шыбықты қалай исең, солай қарай осетіні сияқты, жас маманды дұрыс баптап, тәрбиелеу маңызды. Ал шеберлік – күнделікті еңбек пен үздіксіз ізденістің нәтижесінде пайда болады. Біз де өз кәсібін сүйіп, осы жолда талмай еңбектеніп жүрген Бауыржан ағаның еңбегіне толайым табыс тіледік.

Қонаев қаласы

АУЫЛ ТЫНЫСЫ

Тұрғындарды толғандырған мәселе

Жамбыл ауданындағы Қарақыстақ ауылдық округінің әкімі Мәлік Қасымбаев тұрғындармен кездесті. Ауылдық Мәдениет үйінде өткен жиынға аталған округке қарасты елді мекендердің тұрғындары, мекеме, ұйым басшылары мен қызметкерлері, осы аумақта орналасқан ірі шаруашылықтардың төрағалары қатысты.



● Серік САТЫБАЛДИЕВ

Ауылдың күнделікті тіршілігінде кездесетін бірқатар өзекті мәселе қаралған жиында тұрғындар өздерінің ой-пікірлерін ортаға салып, ұсыныстарын білдірді. Аталған округте ауыл шаруашылық тауарларын өндірумен айналысатын «Сүйінбай», «Қарақыстақ», «Болай» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері және «Шынжырбай», «Бұрған» өндірістік кооперативтері жұмыс істейді. Көпшілігі біріккен шаруашылық болып саналатын бұл кәсіпорындар негізінен егін егеді. Жиында алдымен осы шаруашылықтардың қызметін ұйымдастыру, үлескерлеріне егіннен астық бөлудің тәртібі талқыланды. Шаруашылықтың астық жинаудан түскен табысынан үлескерлеріне пайда бөлуге қатысты мәселе көтерілді. Қарапайым ауыл тұрғыны болып келетін үлескерлер тарапынан биылғы астықтан алынатын үлестің мөлшері тым төмен екендігі айтылды. Себебі ауа райының қолайсыздығына байланысты оларға 100 келіден ғана астық берілген. Талқылау барысында келесі жылы келісімшартқа сәйкес, әр үлескерге 200 келіден астық берілмекші болып ортақ тоқтам жасалды.

Әкімнен кездесуде бұдан басқа да маңызды әлеуметтік мәселелер қаралды. Соның бірі – қоқыс шығару қызметінің бағасын белгілеу. Өйткені тұрмыстық қалдықтарды шығару тарифінің өзгеруі бұл ауылға да жаңа баға белгілеу қажеттігін туындатқан. Бұл қызметті мойнына алған «Алимжанова» атты жеке кәсіпкерлік тарапынан қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару тарифіне өзгеріс енгізілгені хабарланды. Мұндай өзгеріс жанар-жағармай бағасының қымбаттауына байланысты болып отыр. Жаңа тариф бойынша енді әр аулаға ай сайынғы төлем үйде жалғыз тұратын адам үшін – 550 теңге, екі адам тұрған жағдайда – 1100 теңге, үш және одан көп адам тұратын отбасыларға 2000 теңге көлемінде есептелді. Ал жеке кәсіпкерлерге – 2500 теңге, ауылдық дәмханаларға 5000 теңге болып белгіленді. Қоқыс шығаратын көлік қыс мезгілінде аптасына бір рет, жазда аптасына екі рет, сенбі және жексенбі күндері жүреді.

Ауылдағы ауызсу мәселесі де жиында сөз етілді. Кездесу соңында округ әкімі Мәлік Қасымбаев тұрғындарды ауылдың әлеуметтік-экономикалық даму барысынан хабардар етіп, халықтың әл-ауқатын арттыру бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі жалғасатынын жеткізді. Тұрғындарды көтерілген мәселелерді бірлесіп шешуге, қоғамдық өмірде белсенділік танытуға шақырды.

Қарақыстақ ауылы, Жамбыл ауданы



Саябаққа көшет отырғызылды

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында Балқаш ауданы Бақбақты ауылының орталығындағы Алтынбай Сәтбаев атындағы саябаққа 100 ышыра, 100 ақ қайың және 100 түрлі басқа да ағаш көшеттері отырғызылды.



Ауыл тұрғындарының демеушілігімен ұйымдастырылған іс-шара барысында жастар ерекше белсенділік танытты. Осы орайда Балқаш ауданының Құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері, ардагердің ұрпағы Сапарғали Сәтбаев аталмыш саябақтың абабтануына қолдау көрсеткен ауыл тұрғындарына ризашылығын білдіріп, ағаш көшеттерін отырғызуға атсалысқан жас буын өкілдеріне «Жұлдыздарын жарық болсын!» деген ақ батасын берді.

Сенбілік соңында ауыл әкімі Ермек Өнербеков: «Ауылдың болашағы – бүгінгі жастардың қолында. Осындай игі шараларға үнемі атсалысып, ауылды көркейту жұмысын бірлесіп атқарайық», – дей келе, акцияға белсене қатысқан жастарға алғысын жеткізді.

Саябақта алуан түрлі ағаш пен көздің жауын алатын гүлдер жайқалып өссе, ауыл көркін ажарландыра түседі. Мұнда келген адамдар таза ауада еркін тыныстап, көтеріңкі көңіл-күйде демалып қайтады. Аталмыш саябаққа жуырда соғыс және еңбек ардагері Алтынбай Сәтбаевтың есімі берілгені бері бұл жер ардагер ұрпағының қолға алуымен гүлденіп келеді. Оған нақты дәлел акция аясындағы осындай іс-шаралар десек болады.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, бақбақтылықтардың бұл қолға алған жұмысы – ауыл тұрғындарының ауызбіршілігінің арқасында жүзеге асқан игі бастама. Акция аясында атқарылған бұл іс өзгелерге үлгі боларлық.

Бақтығали ДӘУІТБАЕВ Балқаш ауданы

Болашақ бүгіннен басталады

← (Басы 1-бетте)

Ертеңіне форумның жұмысы семинар-тренингтен бастау алды. Мұнда облыстық полиция департаменті киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасының өкілі Әлібек Керім «Интернет-алаяқтықтың түрлері және олардан қорғандың жолдары» тақырыбында, облыстық «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының сарапшысы, бизнес-тренер, маркетинг Мейрам Сауранбеков «Жастар кәсіпкерлігін дамыту және бизнесті жоспарлау мен жүргізудің тиімді тәсілдерін меңгеру» аясында, «Innoverse Online» компаниясының директоры, «Innoverse.kz» бағдарламасының негізін қалаушы, аймақтық жастар кадрлық резервінің мүшесі Дастан Қалиев «Жастарды болашақ мамандығын қазірден таңдауға үйрету, Neet санатындағы жастармен жұмыс жасау тәсілдері» тақырыбында, «Инновациялық технологиялар паркі» дербес кластерлік қорының Қонаев қаласындағы филиалының өңірлік менеджері Жазира Жұмахан «Жасанды интеллект және болашақ ақылды технологияның адам өміріндегі жаңа



дәуірі» деген тақырыпта баяндама жасап, жастар арасында осы жайларды қызу талдады.

Шараны облыстық жастар ресурстық орталығының директоры Максат Кеңешев қорытындылап, семинар жұмысына белсене қатысып, үздік ойымен ерекшеленген жастарды

марапаттады. Соңынан облыстың әр шалғайынан келген жастар Алматы қаласындағы мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаев музейінде болып, даңқты тұлғаның өмірімен, қызмет жолымен танысты.

Қарасай ауданы

ЕГІС АЛҚАБЫНДА

Күзгі далада қауырт жұмыс

Қарасай ауданындағы ірі әрі тұрақты дамып келе жатқан ауыл шаруашылығы құрылымдарының бірі – «Жетісу» өндірістік кооперативінде күздік дақылдарды, оның ішінде бидай мен арпаны себу жұмысы аяқталуға жакын.

● Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Шаруашылық төрағасы Жанат Исағұловтың айтуынша, оларға тиесілі жалпы жер көлемі – 3337 гектар. Көктемде 57 гектарға арпа, 100 гектарға дәндік жүгері, 120 гектарға сүрлемдік жүгері, 350 гектарға көпжылдық шөп, 20 гектарға көкөніс дақылдары себілген. Бір айта кетерлігі, дәнді дақылдар мен көпжылдық шөптер ерекше маңызға ие. Себебі шаруашылықтың негізі қаланған 1996 жылдан бері мұнда тауарлы-сүт фермасы жұмыс істеп келеді. Онда 320-дан астам сауын сиыр бар. Сондықтан кооператив үшін өздерінің жем-шөп базасын құру өте маңызды. Бұдан бөлек, 850 гектар жерге «Стекловидная – 24» сұрыпты күздік бидай себілуде, соның ішінде 145 гектар суперэлитта тұқымдарын өндіруге, 300 гектар күздік арпа егуге

бөлінген. «Жетісу» АӨК элиталық тұқым шаруашылығы мәртебесіне ие және Алматы облысындағы көптеген шаруашылықты жоғары сапалы тұқыммен қамтамасыз етеді.

Шаруашылықта 78 трактор мен 3 комбайн бар. 2026 жылы тағы бір «John Deere» маркалы комбайнды лизингке алу жоспарлануда.

Біз шаруашылықтың егіс алқабында болып, күзгі дала жұмыстарын жүргізіп жатқан механизаторлар Ерхат Тәжібаев пен Саид Сұлтановпен кездестік. Саид жерді жырттып, Ерхат егіс алқабын тегістеумен айналысып жүр екен. Шаруашылық төрағасы бізге берген сұхбатында тұқым себер алдында жерді дұрыс дайындау өте маңызды екенін айтты. Ол үшін алдымен жер жырттылады, сол кейін алдымен жерді дискілеу жұмысы жүргізіледі. Бұл – жердің үстіңгі қабатын 15 сантиметр терендікке

дейін өңдеу үшін дискіні пайдалану арқылы жүргізілетін агротехникалық әдіс. Дискілеу жердің құрылымын жақсартып, оның құнарлылығын және ылғал сыйымдылығын арттырады. Одан кейін жер тегістеліп, тығыздалады. Содан соң тұқым себіліп, үстінен тапталады. Бұл әдіс тұқымның жерге жақсы енуін қамтамасыз етіп, уақытында жақсы өсуіне көмектеседі. Сонымен қатар ылғалды сақтауға да ықпал етеді.

Шаруашылықта бас агроном Базарбай Райымханов, бас инженер Ансар Қашиев, бас механик Мырзabay Әбдірайымов, шаруашылық жөніндегі директордың орынбасары Ернат Амантаев, механизатор Талғат Шөкетева, слесарь-механик Руслан Әлиев, кірпіш өндірісі бөлімінің басшысы Абылайхан Жұмабеков және басқа да мамандар жұмыс істейді.

Шаруашылықта дала қосыны жақсы жабдықталған, онда механизатор мен жүргізушілердің демалып, тамақтануына барлық жағдай жасалған. Техникалар дизель отынымен қамтамасыз етіледі. Сол үшін мұнда арнайы жанармай сақтау ыдысы орнатылған. Осылайша, «Жетісу» өндірістік кооперативінде күзгі дала жұмысы ұйымдасқан түрде жүріп жатыр.

Қарасай ауданы



ТОЛҒАҚТЫ ТАҚЫРЫП

Күннен-күнге жаңарып жатқан ақпараттық технологиялар айналамыздағы ақпарат ауқымын да еселеп арттырды. Әлеуметтік желілер, мессенджерлер, интернет кеңістігіндегі жаңалықтардың таралу жылдамдығы, көптігі, сан алуандығы таңғалдырып, таңдай қақтырады. Алайда таяқтың екі ұшы болатыны секілді, толассыз ақпарат ағынының да пайдасы мен зияны қатар жүретінін кейде ескере бермейміз. Ендеше, осының ақ-қарасын ажыратып көрейік.

● Құралай МҰРАТҚЫЗЫ —

Ақпарат әлемі әрқайсымыздың мойнымызға қамыт салып, өзіне тәуелді етіп алғандай. Ақпарат ағынына ілесемін деп көп жағдайда шынайы өмірден алыстап, виртуал әлемнің тұтқынына түсеміз. Таңнан кешке дейін телефонға телміріп, экраннан жаңалық іздеу әдетке, тіпті, қажеттілікке айналғандай. Сәл уақыт смартфонсыз немесе интернетсіз болсақ, пайдалықтан құр қалып, өркениеттен алыстап кеткендей күй кешеміз. Ақпарат ағынының арасында адаспай, пайдалысын сүзіп алу, жалған мәліметтен сақтану бүгінгі заман адамының басты міндеттерінің біріне айналды. Осы орайда медиамешкейлік, ақпараттық гигиена, медиасауат, цифрлық мәдениет ұғымдарын ұғыну маңызды.

Бір минуттың ішінде қолымыздағы смартфон арқылы жүздеген хабарлама, жаңалық, пост, аудио-видео келіп түсіп жатыр. Бұл оңай қолжетімділік қоғамды ақпараттандыруда және экономикалық-технологиялық дамуда іргелі рөл атқарады, экономикалық белсенділікті арттыруға мол мүмкіндік



Коллаждарды жасаған – Қалдыбек ОРАЗОВ

МЕДИАМЕШКЕЙЛІК – бүгінгінің дерті

береді. Кезінде ұлы Абай «Интернатта оқып жүр, талай қазақ баласы» деп жырласа, бүгінде интернет көпшілік үшін білім бұлағы болып отырғаны рас. Кез келген сұрақтың жауабын интернеттен іздейміз. Алайда ақиқат пен жалған жаңалықтың аражігін ажырата алып жүрміз бе?

Ақпараттың шексіз әрі шетсіз әлеміне сүңгіп, оның тетігін дұрыс пайдалана білген жан дерек пен дәйекті дәл тауып, білім алып, біліктілігін де арттырып жатыр. Бұл – мәнді, мағыналы мәліметтің молдығының пайдасы.

Ал оның зияны – оқушылар мен студенттердің көпшілігі оқу бағдарламасымен берілген тапсырманы өз бетімен орындаудың орнына дайын ақпаратты көшіріп қоя салумен шектеліп, ойлану мен ойлаудан қалып барады. Бұл – оқытушылардың қағып отырған дабылы.

Интернет кеңістігінде жаңалықтың жылдам таралуы әрі баршаға қолжетімділігі қоғамдағы өзекті мәселелердің жар астында қалмай, дер кезінде жарыққа шығып, жария болуына сеп. Тиісінше, проблеманың халық пен билік назарынан тыс қалмай, бір шешімін табуына жағдай жасалмақ. Сондай-ақ бұл жерде мұқтаж жандарға көп болып көрсетіліп жатқан әлеуметтік, гуманитарлық көмектерді де мысал ретінде келтіруге болады. Осы орайда ақпаратты өндіріп-өңдеп, жедел таратып жүрген қоғам белсенділері мен блогерлердің жұмысы ерекше. Олар бүгінде елімізде азаматтық қоғамның алғашқы қадамдарын жасап жатыр десек, артық айтқандық емес. Десе де, азаматтық қоғам құру жүйелік пен жауапкершілікті, мәдениет пен заңның аясында әрекет етуді талап етеді. Айтылған сөздің ақ-қарасы қаншалық маңызды болса, оның артар жүгі де соншалық салмақты екенін ескере бермейтін көпшілік, өкінішке қарай, ғаламтор кеңістігін керексіз, өсек-аяң мен алыпқашпа әңгімемен толтырып отыр. Еш сүзгіден өтпеген жалған сөз де ақпарат әлемінің қорын толықтыруда.

Мұндайда қазақтың «Жалған сөз жарға жығады» дегені еске түседі. Желідегі жалған жаңалықтың жетегіне еріп, жер тепкілеп қалғандар да аз емес. Оған мысал ретінде фейк, әлдебіреулердің бас пайдасына әдейі бұрмаланып берілген мәліметтің мән-жайын білмей жатып әлеуметтік желілерде бөлісіп, сол үшін жаза арқаалағандардан бастап, жарнамасы жер жарған заңсыз ұтыс ойындары, қаржы пирамидалары, алаяқтардың китұрқы әрекеттері, діннің атын жамылған деструктивті, радикалды ағымдардың қақпанына түсіп, қор болғандарды да айтуға болады.

Бұл – ақпараттың ақ-қарасын ажырата алмаудың, көз алдындағы мәліметті еш сүзгіден өткізбей, қаз-қалпында «қабылдаудың» зардабы. Мұның материалдық зардабымен қатар, моральдық зардабы да бар. Қарапайым тілмен айтар болсақ, дастарқандағының бәрін опырып,

тағамды талғамай жесеңіз, асқазанды ауырттып, денсаулыққа зиян келтіреді. Дәл солай ақпаратты талғамай қабылдау адамның менталды денсаулығына да, психикасына, жалпы өміріне кері әсерін тигізеді. Мұны «медиабулимия» деп атайды. Тікелей аудармасы – ақпарат мешкейі.

Медиабулимия белгілері – телефонды қолынан тастамай, лентаны үнемі шолып отыру, ақпаратты қажетсіз көп оқып, не көріп, бірақ оны өңдей алмау, жаңалықты жылжытып отырумен уақыттың қалай өтіп кеткенін байқамау, уайымшылдық, мазасыздық, көңіл-күйдің тұрақсыздығы, ақпарат ағынынан тыс қалудан қорқу, яғни FOMO синдромы.

Осы орайда ақпарат алаңынан алған деректі, білімді қабылдау, есте сақтау, жүйелеу және қолдануда еш қиындыққа тап болмау үшін сана тазалығын сақтауды ойласаңыз, ақпарат гигиенасын естен шығармаған жөн. Ақпарат гигиенасы – ақпараттың адам психикасына, физикалық және әлеуметтік жағдайына, жұмыс қабілетіне, өмір жасының ұзақтығына әсер ету заңдылығын зерттейтін медицина ғылымының бір саласы.

Таңның атысынан көзіміз ұйқыға кеткенше смартфондағы әлеуметтік желілердің бірінен соң бірін ақтарып, ақпарат ағынынан шыға алмай жатамыз. Саусақтың ұшымен жаңалықтарды жылжытып отырып-ақ денсаулыққа қанша салмақ салып жатқанымызды да аңғармаймыз. Ақпаратты ашкөзде тұтыну, медиамешкейлік адамды әбден шаршатады. Ал лентаны ақтарып отырғанда алдыңыздан шығатын ақпараттардың алуандығы айтпаса да түсінікті. Бірде жағымды жаңалық жарғалса, қуанып үлгермей, артында қайғылы жайт туралы дерек деңеңізді тітіркендетеді. Бұл эмоционалды тұрақсыздық ми мен жүйке жүйесін шаршатады, ұйқы мен есте сақтау қабілетінің бұзылуына себеп болады. Эмоцияның жиі ауысуы – миға ауыр соққы. Сондай-ақ жағымды жаңалыққа қуанып үлгермей жатып, артынан қайғылы жаңалықты есту (көру) адамда «бәрі бекер» деген пессимизм қалыптастырады. Ал басы бар, аяғы жоқ жаңалықтарды оқыған адамның миы оқиғаның немен аяқталарын білмеген күйде «күту» режимінде жүреді. Бұл – созылмалы стресс белгілері. Күйзеліс имундық жүйені басып, иммунитет әлсірейді. Үнемі жаңалықтарды жылжытып отыру концентрацияны төмендетіп, назарды бір нәрсеге шоғырландыруды қиындатады. Әсіресе, ұйықтар алдында телефон қарау ұйқының бұзылуына себепші болады. Экран жарығы мелатонин өндірісіне кедергі келтіріп, ұйқы сапасы нашарлайды. Ал экранға ұзақ қарау көздің бұлшықеттеріне кері әсер етіп, көз шаршайды. Ұзақ бір қалыпта отыру мойын, иық, арқа ауруын тудырады. Егер өзіңізге қажет пен қажетсізін ажыратып, сараптап-

саралай алмасаңыз, жаңалық нөпірі денсаулыққа кері әсерін тигізеді.

Әлеуметтік желілердегі жаңалықтың көпшілігі – танымдық дүниеден гөрі жеке адамдардың «ертегі» өмірі, көп қаралым мен лайк үшін көрсеткен әдемі, жылтырақ дүниесі, байлығы, қандай да бір жетістіктері жайында. Бұл – шынайы өмірдің толық көрінісі емес. Десе де, елдің паракшасынан жылтырақты көрген адамдар біреудің тек жақсы сәтпен өздерінің шынайы өмірін салыстырады. Соның салдарынан қанағатсыздық, реніш пайда болады. «Мен жетістікке жетпедім, басқалар бәріне үлгеріп жатыр» деген еш негізсіз ойлар туындап, өз-өзін төмен бағалап, өмірден түңіліп кететіндер де бар. Бұл – тағы да ақпараттың көптігі мен сүзгінің жоқтығында. Сондықтан қажетсіз ақпараттан қорғану үшін әлеуметтік желілерде кімдерге жазылып жүргеніңізді де саралаңыз.

Не нәрсенің көптігі жақсы, таңдау еркіндігі болады дейміз. Алайда ақпарат көлемі ұлғайған сайын оның маңызды-мазмұндысы мен дәйексізін ажырату қиындай түседі. Осылайша, шын мәнінде өзімізге керек мәліметті жіберіп алып жатамыз. Өйткені ми ақпаратты өңдей алатын шегінен шыға тұтынғанда когнитивті шамадан тыс жүктеме деп аталатын межеге жетіп, ойлау қабілеті төмендейді. Яғни сыни ойлау бәсеңдейді.

Осы орайда медиасауатты арттыру абзал. Интернет кеңістігіндегі мәліметтің барлығы шынайы, нақты дерек емес. Көп жағдайда ешқандай сүзгіден өтпеген, ғылыми дәйексіз, құр болжам, бос сөз болуы да бек мүмкін. Дереккөзі көрсетілмей, ақпараттың бастапқы көзіне ешқандай сілтеме жасалмай, таратылатын хабар-ошар да жеткілікті. Түрлі ақпарат құралдары арқылы жан-жақтан түсіп жатқан деректерді сын тұрғысынан қабылдап, саралай алу, жалған мен ақиқаттың айырмасын ажыратып, оны сауатты қолдана білу керек. Кез келген мәліметті бүгіндей «жұта» бермей, алдыңыздағы ақпарат қаншалық шынайы, авторы кім, қандай ресурса жарияланып отыр, қашан және қайда болған оқиға, оның таралуы кімге қандай пайда береді дегендей сауалдарға жауап беріп, фактчек жасап көріңіз. Пост астына жазылған пікірлерге де мән беріңіз. Ақпараттың ақиқатына көз жеткізбей тұрып, оны басқаларға таратуға асықпаңыз. Жалған ақпаратты бөліскені, таратқаны үшін жауапкершілікке, тіпті қылмыстық жауапқа тартатынын да ұмытпаған жөн.

Қандай ақпаратты қабылдап, қалай өңдейтініміз психологиялық күйімізге, өмірлік ұстанымымызға, тіпті, шешім қабылдауымызға әсер етеді. Бүгінде әрбір адам тек ақпарат тұтынушысы ғана емес, оның таратушысы да екенін естен шығармауымыз керек. Ендеше, ақпарат айдынында адамзатқа қажетті, танымдық мәліметтің қоры артып, өсек-аяң мен бос сөз болмауына сіз де үлес қоса аласыз. Жалған ақпараттың таралуына тосқауыл болып, дерек пен дәйекке жүгініңіз!

ӘЛЕУМЕТ

Биыл 1 желтоқсаннан бастап елімізде жеке тұлғаларға арналған жаңа автолизинг бағдарламасы іске қосылады. Десе де, көпшілік бұл бағдарлама қарапайым ел тұрғындарына несімен тиімді екенін әлі біле бермейді. Сол үшін аталған бағдарлама бойынша «Бұған дейін қолданыста болған автонесиеден тиімді ме?», «Қандай тәуекелдері мен қаржылық ауыртпалығы бар?», деген сауалдарға ой жүгірттік. Кәсіби сарапшылардың пікіріне жүгініп, мәселенің мән-жайын анықтауға тырыстық.

АВТОЛИЗИНГ: көлік алу жеңілдей ме?

● Ерзат АСЫЛ —

Қазір әлеуметтік желіде Үкіметтің автокөлікті лизингке беру бағдарламасын қызу талқылап жатыр. Онда «Бұл қандай бағдарлама?», «Бастапқы жарнасы қанша болады?», «Лизингке алған көлікті орнына қойып, жаңасын алуға бола ма?» деген сауалдардың көптігінен көз сүрінеді. Демек басталмай жатып бағдарламаға ынта танытқан отандастарымыздың қарасы қалың екені анық. Экономистер мен өзге де сарапшылар бұл жобаның тиімді тұстарының көп екенін айтуда.

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Олжас Құсбековтің айтуынша, автолизинг – бұл жаңа көлікті жеңілдетілген шарттармен пайдалануға мүмкіндік беретін жоба. Жоба бойынша азаматтар көлікті бірден сатып ала алмайды. Олар темір тұлпарды лизинг компаниясы арқылы жалға алып, кейін толық төлем жасалған соң ғана өз атына аудара алады. «Бағдарламаның негізгі мақсаты да сол – халыққа көлікті қолжетімді ету және отандық автонарықты қолдау. Бұл жоба, әсіресе, бастапқы жарнаны жинай алмай жүрген азаматтарға тиімді болады. Бағдарлама іске қосылғаннан кейін жаңа көліктерге деген сұраныс артуы тиіс», – дейді ол.

Депутат ел арасында тараған «Бағдарламаның пайыздық мөлшерлемесі көп болады», «Тағы да

алу бағдарламасында пайыздық мөлшерлеме банкпен бірдей болады деген болжам бар. Себебі лизинг ұсынатын компания көлікке қатысты шығындардың барлығын өз мойнына алғандықтан, олардың шығынын да өтеу керек болады. Ал тиімді тұстары – алғашқы жарна қажет емес, несие тарихы таза, «қара тізімге» енген азаматтар көлік рәсімдей алады. Сондай-ақ 2,5,7 жылға беріледі деген болжам бар. Ал жалға алу мерзімі біткеннен кейін лизинг берген компаниямен екіжақты келісімшартты қарап, көліктің басқа түрін немесе қалған құнын төлеп, оны өз атына шығару мүмкіндігі бар.

Нақты деректерге жүгінсек, лизингке жаңа көліктерді ғана алуға болады. Сондай-ақ көлікті лизингке алар кезде сақтандыруды рәсімдеу қажет. Лизингтің жылдық мөлшерлемесі де болады. Төлемді кешіктірсе, өсімпұл есептеледі. Жалға алушы төлемді екі есептік кезеңде кешіктірсе, лизинг беруші келісімшартты біржақты бұзып, көлікті қайтарып алады. Сауда және интеграция министрлігі де автолизинг бағдарламасы аясында кейбір заңнамалық өзгерістердің қолданысқа енетінін айтады. «Бұл бағдарлама бойынша пайыздық мөлшерлеме мерзімі, яғни тетіктері нақтыланған жоқ. Бағдарлама талқыланып жатыр. Ол бойынша Сауда және интеграция министрлігі заңнамаға «Жеке тұлғаларға да автолизингті қолдануға



көзбояушылық» деген пікірді де жоққа шығарды. Олжас Құсбековтің сөзінше, лизинг азаматтарға автонесиесіз, бастапқы жарнасыз және әділ пайыздық мөлшерлеменен көлікті ұзақ мерзімге алу мүмкіндігін береді. Оның шарттары ашық, әділ әрі қолжетімді болмақ. Қазір Парламентте осы бағытта талаптар енгізіліп жатқан көрінеді. Айталық, оны уақытқа дейін Қазақстанда лизинг тек заңды тұлғалар үшін ғана қолжетімді болды, ол негізінен автопаркттері бар компания мен кәсіпорындарға арналған. Енді бұл жүйені жеке тұлғаларға да кеңейту жоспарланып отыр. Яғни кез келген азамат ұзақ мерзімді жалға алу шартымен автокөлікті пайдаланып, кейін оны толықтай өз меншігіне өткізе алады.

Бүгінде көпшілік лизингті қазіргі автонесие бағдарламасымен шатастырып жатыр. Автосарапшы Әлішер Асабекұлы Nofake.kz сайтында лизингпен көлік алудың артықшылықтары мен кемшіліктерін, оның автонесиемен көлік тізгінде бағдарламасынан басты айырмашылығын санамалап берді. Сарапшының айтуынша, автолизингтің таяқтың екі ұшы іспетті кейбір кемшіліктері де болуы мүмкін. Айталық, лизингпен көлік

мүмкіндік беру» туралы өзгеріс енгізді. Басқа да талаптар Үкіметте талқыланып жатыр. Бағдарлама 2025 жылдың 1 желтоқсанынан іске қосылады деп жоспарланып отыр. Оған дейін министрлік, қаржылық ұйымдар сияқты өзге де мемлекеттік органдар бірлесіп, негізгі тетіктерін айқындауы қажет. Сауда министрлігі, өз тарапынан жеке тұлғаларға осы тетіктерді қолданатын шарттарды ғана заң нормасына қосады» делінген ведомствоның ресми ақпаратында.

Кәсіби мамандардың пайымынша, лизинг жүйесін енгізу кезінде барлық шарттар ашық әрі нақты болуы тиіс. Мемлекет пен лизинг компаниялары тұтынушылардың құқықтарын қорғау тетіктерін алдын ала қарастыруы маңызды. Адамдарды алаңдатыны – көлік заң жүйесінде лизинг компаниясының меншігінде қалатыны. Егер компания кенеттен банкрот болса, адам өз көлігінен айырылып қалуы мүмкін. Сондықтан жалға алушыны қорғайтын нақты заңдық келісімдер мен сақтандыру жүйесі қажет. Себебі несие кезінде көлік бірден сатып алушының меншігіне өтеді, ал лизингте ол тек пайдаланушы болып саналады. Ал жүйеге деген сенім оның қаншалықты ашық әрі қауіпсіз болуына тікелей байланысты.

ТҮЙІН: Сарапшының пікірінше, бағдарлама тиімді болған күннің өзінде лизингке көшу алғашқы кезеңде жаппай сипат ала қоймайды. Өйткені қазақстандықтардың көпшілігі әлі де көлікті уақытша пайдалану емес, жеке меншігі ретінде қабылдауға дағдыланған. Қысқасы лизинг – заманауи әрі әділ қаржылық құрал, ол көлікті халыққа қолжетімді етіп қана қоймай, нарықты да жандандыра алады. Ең бастысы, ережелер ашық, ал жүйе сенімді болуы керек.



СҰХБАТ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті еліміздегі жоғары оқу орындарының ішінде тарихы терең, қалыптасқан өзіндік сурлеуі бар қара шаңырақ саналады. Ұлт ұстаханасына айналған оқу ордасының бүгінгі тыныс-тіршілігі қандай? Білім сапасы жайлы орта мектептерде ғана көп айтылады, ал жоғары оқу орнында қай деңгейде? «Қазақ ұлттық университеті және әлем» тақырыбында не айтуға болады? Осы және өзге де сауалдар төңірегінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың басқарма төрағасы – ректор, филология ғылымдарының докторы, профессор Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ Алматы облыстық «Алатау арайы» газетіне арнайы сұхбат беріп, аймақ тұрғындарымен оқу ордасында атқарылған жұмыстар жайында сыр бөлісті.



Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің басқарма төрағасы – ректор:

мен құрылымдық бөлімшелер бойынша 11 530 адам оқуға қабылданды. Соның ішінде 1-курсқа 6625 студент түсті. Бұған қосымша 1000-нан астам магистрант, 514 докторант ҚазҰУ-ға оқуға түсті және білім алушылар қатары 2500-ден астам шетелдік студенттермен толықты. Осы көрсеткіштерден байқаныңыздай, университетте бакалавриат жүйесі негізгі білім алушылар контингентін құрайды.

ҚазҰУ-дағы білім беру жүйесі, жаңа өзіңіз айтып өткендей, үш сатылы бакалавриат, магистратура және докторантура. Бұл жүйе студенттерге тек кәсіби біліктілік беріп қана қоймай, ғылыми ізденіс пен зерттеушілік қабілеттерін дамытуға мүмкіндік сыйлайды. Бакалавриат деңгейі ешқашан тоқтамайды. Ол студенттердің негізгі білімін қалыптастырады, аналитикалық ойлау мен проблемаларды шешу қабілеттерін дамытады.

ҚазҰУ-дағы зерттеу орталықтары студенттердің шығармашылық әлеуетін дамытуға, ғылыми инновацияларға қатысуға мүмкіндік береді. Бұл университеттің академиялық беделін көтеріп қана қоймай, студенттерді практикалық зерттеу тәжірибесімен қамтамасыз етеді. Сонымен қатар университет жаңа технологиялық шешімдерді коммерцияландыру, стартаптарды қолдау және инновациялық экожүйені дамыту арқылы қоғамға нақты пайда әкелуде.

Сауалыңызда көтерілгендей, магистратура мен докторантура деңгейіне ерекше көңіл бөлінуі – университеттің ғылыми

а – Жансейіт Қансейітұлы, қазіргі заман талабы мүлдем басқа. Барлық салаға көз ілеспес жылдамдықпен түрлі технологиялық жаңалықтар енгізілуде. Бүгінгі қоғам жыл, ай, күн емес, сағат сайын жаңаруды, жаңғыруды талап етеді. Бәріміз мақтан тұтатын ҚазҰУ бүгінгі заман үдесінен шығу үшін қандай шараларды қолға алды? Жалпы, оқу орны бәсекеге қабілетті ме, бәсекелестік бойынша қандай жұмыстар атқарылуда?

– Сауалыңызға рахмет! Тоқсан жылдан астам тарихы бар еліміздегі көшбасшы жоғары оқу орны, өзіңіз атап өткендей, бәріміз мақтан тұтатын ҚазҰУ бүгінде әлемдік үздік 200 университет қатарына енген. ҚазҰУ QS әлемдік рейтингінде 166-орында, ал Азияда 29-орында тұр. Орталық Азия университеттері арасында алдыңғы қатардан түскен емес. ҚазҰУ студенттер үшін 120 мамандық бойынша Еуропа, АҚШ, Оңтүстік-Шығыс Азия, Ресей университеттерімен қос диплом бағдарламасын жүзеге асырып келеді. Оқу орны халықаралық байланыстарды, университеттік ғылымды, заманауи инфрақұрылымды дамытуға ерекше мән береді.


Биылғы жаңа оқу жылында, қыркүйек айының басында екі бірдей жаңа зертхана ашылды. Біріншісі – Қытаймен бірлескен «Цифрлық технологиялар және робототехника» халықаралық институты мен робот техникасы орталығы. Екіншісі – BASF компаниясының тау-кен-металлургиялық саласын дамыту зертханасы. Сонымен қатар Орталық Азиядағы ең қуатты суперкомпьютер ҚазҰУ-да орнатылды.

ҚазҰУ суперкомпьютерінің өнімділігі – 2000 терафлопс. Әлемдегі үздік 600 суперкомпьютердің бірі. Архитектурасы Intel және NVIDIA компанияларының процессорларынан құралған, қуаты ең заманауи дербес компьютерден 10 мың есе артық. Қазіргі қолданыстағы компьютерлердің ондаған жыл бойы орындайтын есептерін бір сағатта шешуге қабілетті. Мемлекет басшысының тапсырмасымен жүзеге асып жатқан қазақ тіліне арналған үлкен тілдік моделін (LLM) зерттеуде де суперкомпьютердің қуаты мен мүмкіншілігі кеңінен пайдаланылуда.

Бүгінде Суперкомпьютер орталығы төрт бағытта серіктестік аясын кеңейтті. Атап айтқанда, олар – мемлекеттік мекемелер, оқу орындары, Алматы қаласының әкімдігі, «AI-Sana» бағдарламасы. Осы орайда Экология және табиғи ресурстар министрлігі ерекше қызығушылық танытып, суперкомпьютер мүмкіндіктерін пайдалануға кірісіп кетті. Сондай-ақ «Қазгидромет» мекемесімен желел және неғұрлым дәл болжамдар жасау мақсатында бірлескен жұмыстар басталды. Жақын күндері ұшқышсыз ұшу аппараттарын әзірлеумен айналысатын Дрон орталығын іске қосатын боламыз. Бұған дейін жаратылыстану, гуманитарлық және өзге де ғылыми бағыттарды қамтитын Ми институты құрылған болатын. Қазіргі таңда осы институтқа арнайы аудиторлар бөлініп, күрделі жаңа жұмыстары жүргізіліп, Миға диагностика жүргізіп, зерттеу үшін МРТ құралдары орнатылуда.

Биылғы университеттің 90 жылдығына орай, 30-дан астам зертхана бой көтерді. Жаңадан пайдалануға берілген Farabi Hub инновациялық өнімдер мен жоғары технологиялық жобалар орталығында университеттің ғылыми жобалары мен шетелдік компаниялардың орталықтары орналасқан. Оның жанында Өндірістік робототехника және роботтандыру бойынша инженерлік компетенция орталығы жұмыс істеп жатыр.

География және табиғатты пайдалану факультетінде «Тұрақты даму және табиғатты ұтымды пайдалану» ғылыми орталығы ашылды. Сонымен бірге «Қашықтықтан зондтау технологиясы және оларды қолдану» Қазақ-Қытай бірлескен зертханасы іске қосылды. Химия және химиялық технология факультетінде Farabi chem



ҒЫЛЫМДЫ ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ

science кластері, Химиялық гальваникалық қаптамалар ғылыми-өндірістік орталығы іске қосылды.

Университет білім-ғылымға көңіл бөліп қана қоймай, оқытушылар мен студенттерге әлеуметтік қолдау жасауды да естен шығармайды. ҚазҰУ қалашығында студенттерге жасалған қолайлы жағдайлар жеткілікті. Бүгінге дейін оқу корпустарына жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жатақханалар жаңартылды. Асхана, кофеханалар желісі, баспа және көшірме орталығы ашылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауымен ҚазҰУ қалашығы құрылысының ІІ кезеңі бекітілді. Бұл – оқытушыларымыз бен студенттеріміздің жағдайын жақсартуға бағытталған маңызды жоба. Қазіргі таңда жеті қабатты үш оқу корпусы мен үш жаңа жатақхананың құрылыс жұмыстары жүруде. Өмірбек Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайы мен Спорт-сауықтыру кешені қайта жаңғыртылуда. Осындай игі істердің барлығы университеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, білім сапасын көтеруге оң ықпалын тигізеді. Заман талабынан шығу үшін алдағы уақытта да осындай ауқымды жобаларды сәтпен жүзеге асырамыз деген ойдамыз.

а – Бұрындары «Гуманитарлық бағытта жоғары білім алғын келсе, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға бар» деген жазылмаған тәмісі болушы еді. Бүгінде бұл дәстүрді бұзған сияқтысыздар. ҚазҰУ-дың физикасы мен математикасы, химиясы мен биологиясы, географиясынан бөлек, медицинаға да баса мән берілгені естіп жатырмыз. Медицина факультетінің ашылуы қаншалықты тиімді болды? ҚазҰУ-дың технологиялық мамандықтары бойынша кеңінен айтып өтсеңіз.

– Иә, ҚазҰУ білім беру аясын кеңейту мақсатында тек гуманитарлық және жаратылыстану бағытында ғана емес, медицина мен технологиялық салаларда да білім беруге ерекше мән беріп келеді.

Бүгінгі таңда ҚазҰУ-дың медицина және денсаулық сақтау факультетінде 4000-нан астам студент, оның ішінде әлемнің 41 елінен 1310 студент оқиды.

Халықаралық университеттердің озық тәжірибесі негізінде ашылған бұл факультет – әлемдегі медициналық факультеттер мен медициналық мектептердің қалыптасуы мен дамуының классикалық үлгісі. Гарвард, Кэмбридж, Стэндфорд сияқты озық университеттерде медициналық факультет немесе медициналық мектеп бар. Тіпті клиникалары да жұмыс істейді. Онда молекулалық биология, био және нанотехнология, биоинформатика, биофизика, биомедицина, жасанды интеллект жетістіктерін клиникалық практикаға енгізу мүмкіндігі мол. Бұл өз кезегінде білім алушылардың тәжірибесін жетілдіруге, медицина саласындағы ғылыми идеяларды іске асыруға жол ашады.

Ғылым, білім беру, медициналық практика мен инновацияның орталығы ретінде факультет беделді шетелдік университеттермен тығыз қарым-қатынас орнатып, танымал ғалымдарды арнайы дәріс оқытуға шақырады. Үнемі тәжірибе алмасып отырады, атап айтқанда, Канада, Германия, Жапония, Оңтүстік Корея, Швеция, Сербия, Ресей және Литва мемлекеттерінің беделді университеттерінен шақыртылған профессорлар дәріс оқиды және бірлескен ғылыми жобаларға қатысады. Факультеттің ғалымдары гранттық қаржыландыру шеңберінде 10 ғылыми жоба, әлемнің жетекші университеттерімен бірге 4 халықаралық және 4 Erasmus жобасын орындап отыр.

Әлем елдерінде медицина саласын цифрландыру жүйесіне көшіру және жасанды интеллектті медицинада қолдану қарқынды дамуда. Сол себепті «Медицинадағы жасанды интеллект» білім беру бағдарламасы бойынша ақпараттық технологиялар факультеті мен медицина және денсаулық сақтау факультеті бірлесе мамандар даярлап жатыр. Бұл өз кезегінде

клиникалық медицинада Big Data және жасанды интеллект зертханаларын құруға мүмкіндік береді. Клиникалық жазбаларды, суреттерді, зертханалық нәтижелерді, геномдық деректерді және басқа да маңызды ақпаратты қамтитын медициналық деректерді жинау, сақтау және талдау жүйесін қалыптастырады. Сонымен қатар университеттің физика, математика, химия, биология және география бағыттары жаңартылып, заманауи технологиялық салалармен біріктірілуде. Мысалы, IT, робототехника, жасанды интеллект, биоинформатика және нанотехнология курстары студенттердің практикалық дағдыларын дамытады. Бұл бағыттардың интеграциясы университет түлектерін еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие, көпсалалы, кәсіби маман ретінде дайындауға септігін тигізеді. Медицина мен технологияның үйлесуі ҚазҰУ-ды көпсалалы, заманауи академиялық орталыққа айналдырады.

а – Университеттің білім алушыларына бакалавриат, магистратура және докторантура – үш сатылы әлемдік жүйе бойынша дәріс беріледі. Соңғы уақытта ғылыми бағытта назар аударылып, магистратура мен докторантураға ерекше көңіл бөлініп жатқанын көп естиміз. Оқу ордасында ғылыми институттармен бірлесіп магистр, PhD-ға көп орын бөлінінін байқап жүрміз. Бұл болашақта бакалавриат деңгейінде оқыту мүлдем тоқтайды деген сөз емес пе?

– Жоқ, олай емес. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғылыми-зерттеу университеті бола отырып, үнемі ғылым мен инновациялық инфрақұрылымды дамытуға, өз ресурстарын жаңғыртуға және ғалымдар үшін әлеуметтік жағдайларды жақсартуға ұмтылады. Университетте 30 мыңнан аса студент оқиды. Олардың қатарында әлемнің 56 елінен келген 7 мыңнан астам шетелдік білім алушы бар.

Биылғы жаңа оқу жылына университетімізге барлық деңгейлер

әлеуетін арттыру стратегиясының маңызды бір бөлігі. Осы деңгейдегі білім алушылар жетекшілерімен бірлесе отырып, ғылыми жобаларға, зертханалық жұмыстарға және халықаралық конференциялар мен стартаптарға қатысады. Бұл олардың академиялық тәжірибесін молайтып қана қоймай, университеттің зерттеу әлеуетін де күшейтеді. Бакалавриат деңгейі сабақ беруден тыс қалмайды, керісінше, зерттеу бағытындағы білімнің негізін қалап, болашақ ғылыми мамандарды даярлайды.

а – Жауабыңызға рахмет. Келесі сұрағымыз еліміздің әр түкпіріне, тіпті шетелге де білікті мамандар даярлап, жылына мыңдаған жас маман ұшыратын осы бір қасиетті ордадағы оқытушы-профессорлардың құрамы жайлы болмақ. Көп жағдайда университетті бітірген жас мамандарға таудай талап қойып, атқара алмаса, сынап-мінеп жатамыз. Ал оларды оқытқан, жоғары білім берген оқытушылардың деңгейі қандай? Олардың оқыту әдіснамасы, методикасы, педагогтік шеберлігі жаңа дәуір талабына қаншалықты сай?

– ҚазҰУ-дағы профессорлық-оқытушылық құрам – еліміздің жетекші ғылыми қызметкерлерінен және халықаралық тәжірибеден өткен профессорлардан тұрады. Университет құрамында 16 факультет, 72 кафедра, 33 ғылыми орталық, екі ұжымдық зертхана және 140 оқу-зерттеу зертханасы бар. Онда ғылыми зерттеу жұмыстарын орындаудың жоғары сапасы мен тиімділігін жүзеге асыратын 2495 оқытушы-профессор табысты еңбек етіп жүр. Оның ішінде Ұлттық ғылым академиясының 11 академигі, 7 корреспондент-мүшесі, Жоғары мектеп ғылым академиясының 11 академигі бар. Сондай-ақ 33 Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, 603 ғылым докторы, 736 ғылым кандидаты, 512 PhD жұмыс істейді.

Білім ордасында оқытушыларды бағалау және көтермеу құралдары енгізілген, индикативтік жоспарлау жүйесі

Ел бірлігі – ең үлкен қазына

Бүгінгі күннің басты талабы – қоғам мен билік арасындағы өзара сенімді, ашық диалогты және жауапкершілік негізделген қарым-қатынасты қалыптастыру. Президент бекіткен ішкі саясатты жаңа қағидаттары – ел бірлігін сақтап, тұрақтылықты нығайтуға бағытталған маңызды қадам.



Бұл бағыттарды жергілікті деңгейде тиімді іске асыру – әрбір мемлекеттік қызметкердің, әрбір азаматтың ортақ міндеті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Халқымыз үшін зиялы қауымның орны қашанда ерекше. Ұлт тағдыры сынға түскен сәтте көзі ашық азаматтар әрдайым көш бастаған. Ел ағалары бір ауыз сөзбен тентегін тыйып, тектісін төрге оздырған. Қазір – ғаламтор дәуірі. Ондағы бей-берекет ақпарат тасқыны ұрпақтың санасын улап жатыр. Дәл осы кезеңде ұлт зиялыларының ұстанымы және белсенділігі айрықша маңызды. Сондықтан зиялы қауымды ел болашағына әсер ететін әрбір мәселеден шет қалмауға шақырамын», – деген еді.

Бүгінгі таңда әлеуметтік желідегі шектен тыс ақпарат тасқыны жас ұрпақтың санасына әсер етіп, оларды ұлттық болмыстан алыстатып барады. Кітап, газет-журнал оқитын жастардың азаюы – ой тереңдігінің, сөз қадірін түсінудің төмендеуіне алып келуде. Пейіл тарылып, сөздің салмағы жеңілдеп, сөз бен істің арасындағы алшақтық көбейіп, халық пен билік арасындағы сенімге сызат түсе бастады. Осындай келенсіз құбылыстардың өршуіне тәрбие жұмысының әлсіздігі және оның жүйелі түрде жүргізілмеуі айтарлықтай ықпал етіп отыр.

Халықтың қасырлар бойы қалыптасқан құндылықтарын сақтау мен дамыту ең алдымен дұрыс тәрбиеге байланысты. Сондықтан тәрбие үдерісінде зиялы қауымның әлеуетін тиімді пайдалану аса маңызды. Ауыл белсенділерімен бірлесіп отырып, тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастыру, халықпен етене араласу – қоғамдағы сенімді арттырып, билікке деген көзқарасты жақсартуға ықпал етеді. Мемлекет басшысы да идеологиялық қызметкерлерге білім мен тәжірибені жетілдіру, ой ұшқырлығын арттыру, бастама көтеруге батыл болу қажет екенін айтып, ел болашағына әсер ететін әрбір мәселеден шет қалмауға үндеген еді. Осындай кездесулер мен басқосулар белсенділерге бағыт-бағдар беріп, тәжірибе алмасуға, жаңа идеяларды менгеруге жол ашады. Сонымен бірге, жастардың шыңдалуы, аға буынның ізін жалғастыруға мүмкіндік береді.

Әрбір ауылдағы ақсақалдар, белсенді азаматтар, кәсіпкерлер қоғам өміріне белсене араласып, түрлі іс-шаралар өткізуге, тәрбие жұмысына ақыл-кеңес беруге, теріс қылықтарды тежеуге атсалысуы тиіс. Шелек өңірінде бұл бағыттағы жұмыс жүйелі жолға қойыла бастағанын қуантады. Қазір 11 ауылдық округте белсенділер тобы құрылып, қоғамдық ұйымдардың жұмысын үйлестіру көзделіп отыр. «Ақылдасып пішкен тон келте болмас» дегендей, бұл бастама тұрғындардың қолдауына ие болды.

Қоғамда билік пен халық арасында ашық диалог орнауы қажет. Бұл – ел дамуының өзегі. Облыс, аудан басшылары ауылдық округтерге келіп, халыққа есеп береді. Алайда осындай жиындарды колледж студенттерімен, мектеп мұғалімдерімен, техникалық қызметкерлермен толтыруға тырысады. Дәл осындай жағдай Парламент және мәслихат депутаттары келгенде орын алып жатады. Әкім есебі жұртшылық үшін жасалатынын ұғынатын мезгіл жетті. Осыған байланысты ауыл әкімі аппараты өте маңызды саяси іс-шараларға аудиторияны даярлауға үлкен жауапкершілікпен қарауға тиіс.

Біз тәуелсіздік алғаннан бері экономиканы дамытуға көңіл бөлініп, идеологиялық жұмыстың әлсіреп кеткеніне реніш білдіріп жүрген едік. Оны естігендей, ел Президенті «ҚР ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттарын бекіту» туралы Жарлыққа қол қойды. Бұл жан-жақты қолдауға тұратын, дер кезінде қабылданған Жарлық деп есептейміз. Алайда идеологиялық жұмыс жарлықпен ғана орындалмайды. «Заң нашар болса да, жақсы шенеуніктермен ел басқаруға болады, шенеунік нашар болса, жақсы заң да көмектеспейді» деген сөз бар.

Бүгінде тұрғындардың басым бөлігі бизнесті дамытуға, қаржы ресурстарын теңдей етіп дұрыс бөлуге, халыққа әлеуметтік көмек көрсетуге, сондай-ақ толғандырып жүрген басқа да мәселелерге баса назар аудармады. Олар биліктен осы мәселелерге байланысты нақты жауаптар күтеді. Біздің пайымдауымызша, ішкі саясаттың негізгі бағыттарына ел бірлігін нығайту, әр отбасын қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету, мемлекеттің әр азаматын жұмыспен қамту, прокуратура тарапынан жемқорлықтың тамырын кию, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің құқықбұзушылыққа, заңды бұрмалауға жолда төзбеу, қоғам тазалығына қол жеткізуді де жатқызуға болады.

Мемлекет басшысы Жаңа Қазақстанды азаматтық қоғамы қалыптасқан тиімді мемлекетке айналдыру мақсатында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын ұсынды. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, халықтың тұрмыс сапасын жақсарту мәселелерін ұдайы айтып келеді. Бүгінгі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға жан-жақты, терең талдау жасап қана қоймай, оны шешу жолдарын да көрсетіп берді. Біз қазақ – кеңпейіл, қонақжай халық деп бөрімізді аспанға атамыз. Бірақ жүректерге жол табу, адамды бауырым деп санау, қиын-қыстауда қамқор болуды сандықтың түбінде ұмыттық. Кең болсаң, кем болмайсың дегендей кеңшілік жағы бізде әлі де жетіспей жатқаны жасырын емес. Алдына келген адамның өтінішін құлақ сал. Қолыңнан ештеңе келмесе, жылы сөзінді айтып, шығарып сал. «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел», – деп Абай ақын айтпақшы, халықтың үніне құлақ асатын мықты мемлекетті мықты адамдар қалыптастырады. Сөз түзелмей, адам түзелмейді, ұлт болып ұйыса алмайды. Сөз бұзылса, адам да бұзылады, ел ішіне іріткі түсіп, тыныштық кетеді. Сондықтан да адамзат ойының алыптары адамды адам ретінде сақтап келе жатқан сөздің күдіреті алдында бас иіп, сөзді түзеуге шақырып отырған. Ең басты шарт – сөз түзу болу үшін ой түзу болу керек. Ел бірлігін нығайтатын қағидаттар бекітілді. Енді соны халықтың санасына жеткізіп, ары қарай жүзеге асыру керек. Жақсылықты бізге біреу келіп жасап бермейді. Өмір күтуден емес, қозғалыстан тұрады. Өмір – ұзақ жол, ал адам – жолаушы. «Қарекет еткеннің қайыры бар» демекші, бізге талпыныс керек.

Нұрлан ЕРДӘУЛЕТҰЛЫ,
Еңбекшіқазақ ауданының Құрметті азаматы

ұрпақтың білімімен, ғылыми әлеуетімен өлшенеді. Креативті идеялар мен жаңа бастамалардың қозғаушы күші де – жастар. Жаңа Қазақстан қоғамын қалыптастыруда мемлекет білікті, білімді жастарға үлкен сенім артып отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында: «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік – маңызды құндылық. Өз кәсібін өте жақсы білетін еңбекқор адам ғана табысқа жете алады. Мен азаматтардың, әсіресе жастардың, көзі ашық, дүниетанымы кең болғанын қалаймын. Жастар тұтас еліміздің дамуына үлес қосқаны абзал. Әр азамат еліміздің қайда бет алғанын, ертіміз қандай болатынын білуі керек», – деп атап өтті.

ҚазҰУ-да Жас ғалымдар кеңесі нәтижелі жұмыс атқаруда. Жыл сайын «Фараби әлемі» халықаралық конференциясы, Жас ғалымдар форумы өткізіледі. «ҚазҰУ-дың үздік жас ғалымы» байқауын жариялап, университет деңгейінде үздік жас ғалымдарды анықтаймыз. Олардың ішінде 49-ы – Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жас ғалым» жобасының жеңімпаздары.

2022 жылдан бастап университетте «Жас ғалым» гранттық қаржыландыру жобасы аясында постдокторантура жұмыс істейді.

Мемлекет қолдауының арқасында университет ғылыми дамып, жаңа жобаларға қаржылық гранттар бөлінуде. Ел Президентінің қамқорлығын әсіресе жас ғалымдар сезінді. ҚазҰУ-дың 14 жас ғалымы Қасым-Жомарт Кемелұлының атынан пәтер кілтін алып, тұрғын үй

келісімді ойдағыдай жүзеге асырып жатыр. ҚазҰУ ЮНЕСКО, БҰҰ, Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі Ислам ұйымы (ICESCO), Еуропалық комиссия, DAAD, TEMPUS және ERASMUS+ сияқты халықаралық ұйымдармен белсенді ынтымақтастықта.

Екі жыл бұрын, 2022 жылы ҚазҰУ-да МИФИ ҰЯЗУ филиалының ашылуынан кейін ЖОО базасында Қытайдың Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалы ашылды, онда бүгінгі таңда жасанды интеллект бойынша мамандар даярланады. Бүгінде ҚазҰУ-дың Бішкекте (Қырғызстан), Ыстамбұлда (Түркия) және Омбы мемлекеттік университеті (Ресей Федерациясы) базасында филиалдары табысты жұмыс істеп келеді.

Әлемдік ғылыми-білім беру кеңістігіне интеграциялана отырып, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қазақстандық білім берудің танымалдылығын арттыра береді және білім беру қызметтерінің жетекші экспорттаушысы ретінде өз желісін кеңейтеді.

Халықаралық серіктестік заманауи зертханаларға, инновациялық платформалар мен гранттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді, осылайша университеттің ғылыми-зерттеу инфрақұрылымын нығайтуда. Бұл қадам бағдарламалардың академиялық мазмұнын күшейтеді, студенттердің өзекті құзыреттерін қалыптастырады, беделді журналдарда ғалымдардың жарияланымдық белсенділігіне ықпал етеді және QS және Times Higher Education сияқты халықаралық рейтингтердегі

университеттің позициясын нығайтады.

Әлемнің жетекші университеттерімен, қорларымен, ұйымдарымен және ғылыми орталықтарымен тиімді әріптестік бізге инновациялық әлеуетті дамытуға, халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастықты кеңейтуге, ғылыми идеяларды іске асыру және зерттеу нәтижелерін халықаралық деңгейде ілгерілету үшін қаржы ресурстарын тартуға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары университетіміз ғылыми-инновациялық жобаларды жүзеге асыруға және ғылыми-зерттеу инфрақұрылымын дамытуға инвестиция тартуды жандандыра бастады. Мәселен, Қытай Халық Республикасының гранты аясында 23,5 млн АҚШ доллары көлемінде инвестиция тартылып, еліміздегі ең қуатты суперкомпьютерлердің бірі орнатылды. Қазақстан мен Қытай бірлесіп, Жерді қашықтан зондтау және пайдалану орталығын құруға 1 млн юань, яғни 140 мың доллар инвестиция, Гонконг университеті Орталық Азия тұрқты даму орталығын құруға 1 млн 750 мың АҚШ долларын бөлді. Бұл орталықтар Жерді қашықтан зондтау мәліметтерін пайдаланып, экологиялық мәселелер мен табиғи апаттарды зерттеумен айналысады.

Дүниежүзілік банктің 450 млн теңге инвестициясының арқасында өндірістік робот техникасы бойынша біліктілік орталығы бой көтерді. Ал «Huibo Robotics» компаниясы заманауи робот техникасы шеберханасын іске қосуға 250 мың доллар тұратын роботтарды сыйға тартты. Хайнань жерсеріктік мәліметтерін зерттеу және пайдалану орталығы спутниктік жерүсті станциясын құру үшін 3 млн доллар көлемінде демеушілік жасады. Сондай-ақ қорейтану қоры 330 мың доллар көлемінде инвестициялық жоба тарту етті.

«Central Asia–German Institute for the Protection of Ecosystems and Biodiversity (CAGEB)» институтын құру және оның қызметін жүзеге асыру жөніндегі келісім аясында 2026 жылдан бастап 6 000 АҚШ доллары көлемінде қаржыландыру қарастырылған. Бұдан бөлек, ZTE Қазақстан компаниясы 31 млн теңге (шамамен 68,89 мың АҚШ доллары) көлемінде инвестиция құйды. LG Electronics компаниясы 17 млн теңге (шамамен 37,78 мың АҚШ доллары) көлемінде инвестиция, Қазақстан-Француз археозоологиялық Zoostan орталығына Франция Үкіметі 28,000 еуро (шамамен 29,960 АҚШ доллары) көлемінде инвестиция құйды. Жалпы алғанда, соңғы үш жыл ішінде ҚазҰУ қазынасына 29 млн АҚШ доллары көлемінде инвестиция құйылды. Мұндай ынтымақтастық еліміздің ғылыми саласын дамытып, университеттің ғылыми және инновациялық әлеуетін арттыруға он жағдай жасайды деп сенемін.

– Шетелдегі таңдаулы университеттер дегеннен шығады, дамыған елдерде жоғары оқу орнында өз алдына ғылыми зерттеу орталықтары айналып. Мәселен, студенттері, магистранттары мен докторанттары жетекшілерімен бірлесіп, жаңа технология, жаңа бұйым, жаңа жоба ойлап тауып жатады. Оны сынақтан өткізіп, үнемі ізденісте жүреді. ҚазҰУ-да осындай өнертаңқыштар бар ма? Жас ғалымдар жайлы айтып берсеңіз.

– XXI ғасыр – заманауи технология мен ғылыми прогрестің кезеңі. Әр ұлттың бәсекеге қабілеттілігі жас

иелері атанды. Ғылымға қолайлы жағдай жасау ғалымдарды шабыттандырды және олардың ынта-жігерін оятты.

Ғылыми жобаларға қатысатын, нәтижелі жұмыс атқарып жүрген өнертапқыш жастарымыз көп. Мысалы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD-ы Дидар Садық қазіргі уақытта Ұлыбританиядағы Оксфорд университетінде арнайы бағдарлама бойынша казак тілінен сабақ береді. Аталған бағдарлама ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Оксфорд университеті арасындағы келісім аясында жүзеге асырылуда. Бұл докторантымыз қазіргі уақытта PhD бағдарламасы аясында «Қазақ тілін англофондарға шет тілі ретінде оқыту әдістемесін жетілдіру» тақырыбында ғылыми зерттеу жүргізуде. Сол сияқты Серік Хохлов – PhD, доцент. Жас ғалым ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетінде «Астрофизикадағы сандық талдау» зертханасын ашты. Жақында ҚазҰУ-дың аға оқытушысы, PhD Анар Омарова «The Steppes» мультиплатформалы медиа ұйымдастырған Steppes Awards – 2025 сыйлығын жеңіп алды. Жас ғалым байқауға «Алматы ауасындағы РМ 2.5-нің физика-химиялық қасиеттері мен биологиялық белсенділігін зерттеу: қоршаған орта қауіптерін бағалаудың кешенді әдісі» атты ғылыми жобасын ұсынған.

Жас ғалымдарымыздың жетістіктері туралы университетіміздің ресми сайты мен әлеуметтік желілерінде, республикалық, шетелдік ақпарат құралдарында жиі жарияланып тұрады.

– Соңғы сұрағымызды «Университеттің алға қойып отырған ең үлкен межесі қандай?» деп қояйық. Таланкерлерді университетке шақыру үшін не айтар едіңіз? Газет оқырмандарына, Алматы облысының тұрғындарына айтар ақ тілегіңіз бар ма?

– Әрине, айтар әңгімеміз де, тілегіміз де көп. Бүгінде жетекші елдерде суперкомпьютерлік технологиялар экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыратын негізгі құралға айналды. Оларды қолдану аясы ғылым мен білімді, өнеркәсіпті, денсаулық сақтауды, энергетиканы және қорғаныс саласын қамтиды. Бұл орасан зор есептеу қуатын және жоғары жылдамдықпен деректерді өңдеуді қажет ететін міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Біздің университеттің бір артықшылығы осында жатыр дер едім.

Мемлекет цифрлық технологияларды, жасанды интеллектті дамытуға айрықша мән беріп отыр. ҚазҰУ осы бағытта заманауи технологиялар мен жасанды интеллект негізінде білім беру бағдарламаларын жаңартып, студенттерді тек теориялық емес, тәжірибелік дағдылармен де қамтамасыз етуді қолға алды. Осы тұрғыда ҚазҰУ-дың басты миссиясы – елімізге және әлемге бәсекеге қабілетті, кәсіби, шығармашылық ойлай білетін мамандар даярлау. Университет тек білім беретін орын емес, сонымен қатар студенттерге ғылыми зерттеу, инновациялық жобалар, халықаралық тәжірибе жинау мүмкіндігін ұсынады.

Алматы облысының тұрғындарына айтарым, ҚазҰУ – жастардың мүмкіндіктеріне жол ашатын, жаңа ғылымды игеруге қолайлы орта қалыптастыратын, сапалы білім мен тәжірибе беретін академиялық орта. Талапкер жастарға біздің есігіміз әрдайым ашық.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан – Қуаныш ТҮНҒАТАР



іске асады. «Жылдың үздік оқытушысы» республикалық байқауы жеңімпаздарының саны жыл сайын артып келеді. Мәселен, былтыр «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» төсбелгісі Қазақстанның 200 оқытушысына табысталды. Оның ішінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 36 оқытушысы жоғары марапатқа ие болды. Бұл – жалпы жеңімпаз оқытушылардың 24 пайызы. Әр жеңімпаз 2000 айлық есептік көрсеткіш көлемінде ақшалай ынталандыру сыйақысын алады.

Әрине, мұның бәрі – үлкен ізденіс пен тынымсыз еңбектің арқасында келген көрсеткіштер. Оқытушы-профессорлық құрам биік межеден көріну үшін жыл бойы күні-түні жұмыс істейді. Қазір халықаралық рейтинг агенттіктерінің жоғары оқу орнына қойып отырған талабы жоғары, сондықтан үлкен зиялы зерттеушілер үшін ғалым-ұстаздар қауымы жан аямай жұмыс істеп, ғылыми зерттеумен айналысады. Шетелге шығып, тәжірибе алмасады. Дәріс оқиды. Соның нәтижесінде осындай жоғары жетістікке жетіп отырмыз.

Өткен жылы қазақстандық ғалымдар Scopus деректер базасында индекстелетін 9410 ғылыми жарияланым жариялады. Оның ішінде 1589 басылым Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдарына тиесілі, бұл қазақстандық басылымдардың жалпы санының 16,8 пайызын құрайды.

– Университеттің оқытушылары халықаралық жобаларға қаншалықты белсенді қатысады? Олар қандай нәтижелерге қол жеткізін жүр? Нақтылап атап өте аласыз ба?

АРҚЫЛЫ ДАМУЫТАМЫЗ

– Оқытушылар мен студенттерді халықаралық ғылыми қызметке тарту – ҚазҰУ қызметінің басты бағыттарының бірі. Университет ғалымдары Horizon Europe, ERASMUS+, DAAD, OSCE, Америкалық білім беру және зерттеу орталығы, БҰҰ, ЮНЕСКО, Францияның СФАСИЛЬ қоры, Қытай ғылым академиясының халықаралық гранттары мен зерттеулеріне белсенді қатысады, жетекші шетелдік университеттер мен ғылыми орталықтардың гранттары бойынша ғылыми жұмыстар жүргізеді.

2024 жылы университет ғалымдары 402 ғылыми-зерттеу жобасын іске асырды. Оның ішінде 321 жоба Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыру шеңберінде орындалды және 17 жоба бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жолымен игерілді. Сондай-ақ 48 халықаралық жоба және 15 ұйым және кәсіпорындармен шаруашылық шарттар шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру бойынша бір жобаны «Ғылым қоры» АҚ іске асырды.

Биыл университет 562 білім беру бағдарламасын қабылдады. Олардың ішінде 149 бакалавриат, 285 магистратура және 128 докторантура бағдарламасы бар. ҚазҰУ-дың білім беру бағдарламалары қазіргі заманғы жаһандық сын-қатерлерге, еңбек нарығының талаптарына және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының басымдықтарына бейімделген. Атап айтқанда, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект, инженерия, энергетика, ядролық және уран өнеркәсібі, биотехнология және қолданбалы биофизика, экология, геология және сейсмология, халықаралық қатынастар, құқық және қоғамдық дипломатия, журналистика, лингвистика және филология, қаржы, экономика, бизнес-аналитика және менеджмент сияқты салаларда сұранысқа ие мамандарды даярлайды.

Биыл университет цифрлық дәуірдің сын-тегеуріндеріне жауап бере отырып, бірікпеген жаңа инновациялық білім беру бағдарламасын енгізді. Олардың ішінде «Жасанды интеллект», «Бағдарламалық инженерия», «Әскери криптология», «Биомедициналық инженерия», «Қолданбалы биофизика», «IT-менеджмент», «Жер сілкінісі геологиясы» және басқа да тиімді бағыттар бар. Кейінгі жылдары ғалымдарымыз 300-ден астам халықаралық ғылыми-техникалық бағдарламалар мен іргелі жобаларды орындады. Олардың ішінде ISTC, INTAS, TEMPUS, MAGATЭ, НАТО бағдарламалары бар. Нақтылап өтер болсақ, ғылыми жетістігі бар оқытушылардың саны өте көп. Сондықтан, осылай топтап, жалпылама атап өткенім жөн шығар деп ойлаймын.

– Оксфорд, Кэмбридж, Гарвард, Стэнфорд сияқты үздік университеттердің атауын кез келген елде, кез келген тұрғын жақсы біліп жатады. Осындай сапаға әрі брендтік көрсеткішке жету үшін қандай шаралар қолға алынуы керек деп ойлайсыз? «ҚазҰУ және әлем» деген тақырыпта не айтар едіңіз?

– Қазіргі уақытта университет Батыс және Шығыс Еуропа, Солтүстік Америка, Азия және Тынық мұхиты өңірінің жоғары оқу орындары және ұйымдарымен, оның ішінде әлемнің жетекші университеттері және орталықтарымен 700-ден астам



АЛТЫН БЕСІК



«Бала кезден кезіп, шарлап ой, көгін, арнамының жуған талай көйлегін, Бұғытыдан басталатын әрі ассаң, бұл даланы «Қарадала» дейді елім», – дейді ақын Нұрлан Оразалин ағамыз. Арысы Үйсін тауы мен берісі Бұғытының арасын жалпаған, етегінде ерке Іле еркін аққан аймақ – қасиет қонған Қарадала мекені. Дәл осы қазақтың қазынасындай болған Ұлы далада бес күн бойы елдік шара өтті. Білімділерді биікке көтерген, өнер мен әдебиетті өрге оздырған, спорт сапақтары мен ақ халатты абзал жандардың абыройын аспандатқан, ауыл шаруашылығын алға сүйрегендер мен кәсіпкерлердің жетістігін жалпақ жұртқа паш еткен шара бір апта бойы жалғасын тапты. «Туған жерге туыңды тік!» бастамасы аясында өткен Ұйғыр ауданының 90 жылдығына арналған апталыққа өңірден түлеп ұшқан, қазіргі кезде еліміздің түкпір-түкпірінде әр салада еңбек етіп жатқан тұлғандар тағы бір мәрте тауған жерге табан тіреді.

Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ

Білімді ұрпақ – кемел келешек кепілі

Ауданның 90 жылдығына арналған шаралар легінің алғашқы күні дәл осындай тақырыптағы форумнан басталды. Алғашқы құттықтау сөз алған Ұйғыр ауданының әкімі Бота Елеусізова жиналған көпшілікті мерейлі мерекемен құттықтай келе, бұл басқосуға келген ғалымдарға ауданның ғана емес, ел мәртебесін асқақтауға қосқан үлестері үшін алғысын жеткізді. Отырыстың спикерлері Сүлеймен Демирел университетінің қауымдастырылған профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты Жанболат Қайыңбаев, профессор, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының академигі Мақтағали Бектемесов, ветеринария ғылымдарының кандидаты, PhD Владимир Кириченко, әдебиеттанушы-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Алимжан Хамраев білім-ғылымды дамыту бағытындағы өз ойларын ортаға салды. Қазіргі ғылым саласының дамуы, қоғамға дендеп енген жасанды интеллектінің пайдалы тұстары, техниканың күннен-күнге жаңаруы, оның білім саласындағы өзекті орны жайында ой қозғады. Ғалымдар ел дамуы үшін жастардың түрлі салаларға деген қызығушылығын арттырып, мектеп қабырғасынан ғылым жолына түсулеріне ықпал ету қажеттігін де сөз етті. Бүгінгі таңда ауданымызда білім алып, ғылым жолын тандаған 50 шақты жас бар екен. Солардың бірақтары тіпті шетелде білім алуда. Айтулы шаралар сол шетелде білімін жетілдіріп жатқан Қарадаланың қарадомалақ ұл-қыздары бейнежазба жолдап, туған жерлерінің торқалы тойына деген ізгі тілектерін жеткізді. Сондай-ақ Қазақстанның түкпір-түкпірінде магистратура, докторантура оқып жүрген жастар да онлайн байланысқа шығып, ізгі тілегін жолдады. Олар да өз кіндік қаны тамған жердің абыройы үшін білім алып, тынымсыз еңбек етуге дайын екендіктерін жеткізді.

Руханият – ұлттың өзегі

Ауданның 90 жылдық мерейтойына арналған шаралардың екінші күні әдебиетсүйер қауым мен мәдениет өкілдеріне арналды. Қасиетті Қарадала талай тарлан таланттың тұсауын кескен ұлық мекен екеніне тағы бір мәрте көз жеткізді. Алаштың арда азаматы Заманбек Нұрқаділовті, өнердің өрінде жүрген Бекжан Тұрыс, Қуандық

ТАРИХ ТАҢБАЛАҒАН 90 ЖЫЛ

Қыстықбаев, Нұркен Өтеуіл, Ардақ Балажанова, Шынар Жанышбекова, Сафуан Шаймерденов, Өсет Есжан, Елжан Тұрыс сынды сахна саңлақтары мен Нұрлан Оразалин, Жарас Сәрсек, Бақыт Беделхан, Сауле Досжан сынды қаламгерлерді, Мұрат Есжан сынды Алаш ардақтыларын қайта тірілтіп талантты журналист, режиссерді дүниеге әкелген бұл өлке. Осындай қазақ өнері мен әдебиетінің көшін алға сүйреген сұңғыла таланттарды толғатқан бұл дала.

Бұл күні әдебиет пен мәдениет өкілдерінің бірақтары туған жерге табан тіреді. Шара Қарадала халық театры Бақыт Беделханның «Ұлым, саған айтам» моноспектакльін үзінді коюмен басталды. Бекжан Тұрыс пен ұлы Мағжан ойнаған рөлді «Қарадала» театрының жетекшісі Еркебұлан Нұржақып пен Арман Төкен де келістіре сомдады. Зар заманның запыраны болған жастардың рухани құндылыққа құлықсыз қарайтын сәті мен ұлттық дәстүр мен салтты бәрінен жоғары қоятын екенің арасындағы шиеленіс өте әсерлі баяндалған пьеса жастардың жігерін жанығандай болды.

Сыр-сұхбат форматындағы кездесуде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, театр және кино актері Бекжан Тұрыс, ақын, драматург Бақыт Беделхан, Қазақстан Жазушылар одағының әдеби кеңесшісі Жарас Сәрсек, Қазақстан Жазушылар одағының жанындағы ұйғыр әдебиеті кеңесінің төрағасы Патигүл Махсатова, «Азия бүгін» газетінің бас редакторы Телман Нұрахунов, сценарист, режиссер Мұрат Есжан, әншілер Қалбинур Розиева, Сағыныш Сенбі сыр ақтарды. Олар өнер жолына түсудегі алғашқы қадамдары, бүгінгі күндегі елдік мүдде мақсатындағы ерен істері жайлы әңгімеледі. Бекжан ағамыз: «Ұлт болып қалу үшін ұлттық құндылық пен рух алдыңғы орында тұруы қажет», – деген пікірін айтса, Бақыт ағамыз ақындық деген ардың жүгі ауыр екенін алға тартып, сол жолда өзіне рухани ұстаз болған тұлғалар туралы сөз қозғады. Сонымен қатар сыр сұхбат алаңының қонақтары басты ұстанымдары, өншілік өнердегі қағидаттар, бүгінгі бұқаралық ақпарат құралдары, оның ішіндегі газет-журналдың жайы, театр мен киноның қоғамға әсері сынды толғақты дүниелерді қаулапты. Сондай-ақ ақындар мен актерлардың шеберлік сағаттары, режиссер Мұрат Есжанның жастармен кездесуі де шараның мәнін ашып, құндылығын арттыра түсті.

Салауатты өмір – жарқын болашаққа қадам

Тамырын тереңге тартқан 90 жылдық тарихы бар Ұйғыр ауданы – өңіріміздің мәдениеті мен руханиятының ғана емес, спорт пен салауатты өмір салтының да дамуына зор үлес қосқан қасиетті мекен. Үшінші күн – спортты серік етіп, ел намысын қорғаған чемпиондар мен денсаулық сақтау саласында еңбек етіп жүрген ақ халатты абзал жандарды құрметтейтін ерекше күн болды.

Мәдениет үйінің қақпасынан бастап жас спортшылар қаз қатар тізіліп тұрса, бір тұста спортшылардың жүлделі орындардан иеленген кубоктары мен медальдары, медициналық заманауи құрылғылардан көрме қойылған. Аға бұрын жас спортшылардың жетістігіне қарап қуанса, балалар чемпиондарды көріп, өздеріне жігер алғандай болды.

Бұл күні ауданға Қазақстан құрама командасының бас бапкері, бокстан спорт шебері, республиканың үш дүркін чемпионы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Тұрсынғали Еділов бастаған спорт саңлақтары мен ақ халатты абзал жандар атбасын тіреді. Олар жастарға салауатты өмір салтын қалыптастыру да, жеңіске жету де, жеңіліс табу да әркімнің өз қолында екенін нақты мысалдар келтіре отырып жеткізді. Минбеге көтерілген Тұрсынғали Еділов, Паралимпиада ойындарының күміс жүлдегері, Дубай және Малайзияда өткен Әлем кубогының қола жүлдегері Раушан Қойшыбаева сынды спортшыларға балалардың қояр сұрағы да көп болды.

Ерлік пен елдіктің тойы!



Қасиетті Үйсін тауы мен киелі Іле өзенінің арасында жатқан ҚАРАДАЛА дейтін ҰЛЫ ЖАЗЫҚТЫҢ кең жүрек, кең пейіл тұрғындары! Ауданның 90 жылдық мерейтойына орай өтіп жатқан шара құтты болсын!

Қазақтың ұлы жазушысы, көшпелі өркеніеттің өрі мен төрін әлемге танытқан, данышпан Абай хақында теңдессіз роман-эпопея жазған Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтқанда, «Жүректен шығып, жүрекке жетер», Тәуелсіз Қазақстанның шежіресіне енер «ТУҒАН ЖЕРГЕ ТУЫҢДЫ ТІК!» айдарымен айтулы айдынды шаралар өтуде. Бұл – Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев жүргізіп отырған Әділетті Қазақстанның мәңгілігін қамтамасыз ету жолында азаматтарымыздың көкірегіне нұр себер шара! Елдің рухын көтеретін, Қарадаланың атын әлемге жаятын, жас ұрпаққа қанат бітіретін елдік шара!

Өз атымын шараны ұйымдастырған Бота Серікқызы бастаған аудан басшылығы мен осындай үлкен іске қолдау көрсетіп отырған облыс әкімі Марат Елеусізұлына, аймақ жұртшылығына алғыс айтқым келеді. Осы күндерде ауданды көркейту жолында қиын-қыстау кезеңдерде еңбек етіп, тер төзіп, уақыт аманатын арқалаған аталарымыз бен әкелеріміздің, әжелеріміз бен аналарымыздың сана аруақтары айнап жатқан жоқ! Қарадала дейтін көл-көсір ұлы аймақты арғы-бергі дәуірлердің ішкі дауы мен сыртқы жауларынан қорғап жүріп, ұрпағын тәрбиелеп, ұлт тұтастығын қамтамасыз еткен, Алаш атты Ұлы жұрттың Туын биік ұстаған ұлы бабаларымыздың рухтары да шат болып жатқаны күмәнсіз!

Той құтты болсын! Еліміз аман, жеріміз тұтас, халқымыз берекелі, ұрпағымыз ырысты, ынтымақшыл болсын!

Құрметпен, Нұрлан ОРАЗАЛИН, ақын-драматург, «Отан» орденінің иегері, Алматы қаласы мен Алматы облысының Құрметті азаматы

ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, Алматы қаласы мен Алматы облысының Құрметті азаматы



Сидней төрінде төрт бірдей боксшыны финалға жеткізіп, айды аспаннан бір-ақ шығарған жаттықтырушы Тұрсынғали Еділов өзі туып-өскен Тасқарасу ауылында 8-сынып бітірген соң 9,10-сыныптарды 7-8 шақырым қашықтықтағы Шарын ауылына барып оқығанын, сол аралықты қысы-жазы жүгіріп өтетінін, спортқа деген қадамының бәрі осында басталғанын айтып, жүріп өткен жолындағы жетістіктердің барлығы ең әуелі біліммен, содан кейін еңбекпен келгенін сөз етті. Ағамыз туған жеріне қашанда қолдау көрсетіп, спортқа деген құлшынысы бар жастарды демеуге де дайын. Кіндік қаны тамған жер қашанда ыстық. Оның ауасы да, топырағы да қымбат. Осы Қарадаладан қанат қағып, талай талантты жастың тұсауын кесіп, Көк Туды желбіретуге күш салған Тұрсынғали ағамызды қауалаған жастар сұрағын да қойып, суретке де түсіп жатты.

Спорт пен денсаулық күні Кіші Діқан ауылындағы спорт кешенінде

жалғасты. Мұнда жасөспірімдер арасында бокс пен қазақ күресінен жарыстар ұйымдастырылды. Сонымен қатар Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Тұрсынғали Еділов, Қазақ күресінен спорт шебері Қуандық Құлбекұлы шеберлік сағатын өткізді.

Ауыл шаруашылығы – ел экономикасының өзегі

Аптаның төртінші күні ауылшаруашылық және кәсіпкерлік күні ретінде аталып өтті. Шара аясында биыл 203,9 млн теңгеге сатып алынған 14 жаңа ауыл шаруашылығы техникасының көрмесі өтті. Іс-шараға «Агротехмаш» ЖШС, «Бел Агро» ЖШС және «Агротехменеджмент» ЖШС өкілдері қатысып, мемлекеттік бағдарлама арқылы 5 пайыздық жеңілдікпен жаңа ауыл шаруашылығы техникасын алудың тиімді жолдарын таныстырды. Сонымен қатар жәрменкеге ауыл шаруашылығы өнімдері ұсынылып, аудан тұрғындарына 1 тонна ет, 1,5 тонна жеміс-көкөніс өнімі, сондай-

Токтарбек. Тарихи Отанына оралған соң Зибилла құрақ құрап, көрпе жасауды қолға алған болатын. Тіпті «Бастау бизнес» жобасы арқылы 2023 жылы 500 мың теңге көлемінде грант иегері атанған екен. Қазіргі уақытта кәсіпкер өз ісін абыроймен жалғастырып, ұлттық нақыштағы көрпеше және түрлі тұрмыстық тігін өнімдерін дайындаумен айналысады.

«Іскер әйел ісімен көркем» атты аудандық іскер әйелдер кеңесінің форумы да осы күні өтті. Басқосуға облыстық кәсіпкерлер палатасы іскер әйелдер кеңесінің төрағасы Ләззат Ботабаева, «АМАНАТ» партиясы Алматы облыстық филиалы жанынан құрылған әйелдер қанатының төрағасы Меруерт Молдашева, сонымен қатар әр ауданнан іскер әйелдер кеңесінің төрағалары қатысты. Бұл күні кәсіпкерлікті жүрегінің қалауы етіп, адал еңбегімен отбасының берекесін кіргізіп отырған нәзікжандылар бас қосып, ойларын ортаға салды. Тәжірибе алмасып, толғандырған сауалдарына жауап алды.

Бірлік пен даму

Апталықтың қорытындысы «Бірлік пен даму» форумымен тәмамдалды. Шарада облыс әкімінің орынбасары Ғани Майлыбаев сөз алды. Ол аймақ басшысы Марат Сұлтанғазиевтің жүреқарды ләззетін жеткізген соң, экономикасы өрлеген, әлеуметтік жағдайы алға басқан Ұйғыр ауданының жұртшылығын торқалы тойымен құттықтады.

Бұл форумның өзгелерден ерекше болуына Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан» атты Жолдауы арқау болды. Осы құнды құжатта айтылған жасанды интеллект жүйесін заманның оң келбетіне бейімдей отырып, тиімді пайдалану қажеттігі дәл осы форумның форматына енгізілді. Виртуалды көмекші «Айшырын» көпшілігінен амандасып, аудан тарихынан сыр шерткен деректі фильмді қонақтар назарына ұсынды. Сонау Үйсіндерден қалған туған жеріміздің әр тауы мен тасы, өзен-көлі тарихтан сыр шертеді. Осы жылы ғана аудан аумағындағы Тоғызбұлақ елдімекенінде орналасқан қорымдардан алтын бұйымдардың табылғанын барша қауым білді. Осыны зерттеген ғалымдар мен ақын, драматург Нұрлан Оразалиннің түйдек-түйдек ойлары, нағыз дерек пен дәйекке сүйенген пікірлері көптің көңілінен шықты.

Құттықтау сөз сөйлеген аудан әкімі Бота Серікқызы жылдан-жылға дамып отырған өлкенің жай-күйін айта келе, газсыра таяу уақыт болған аудан тойында тек ас ішіп, аяқ босатып кетуді жөн санамай, тағылымды дүниелермен атап өткенді жөн көргендерін сөз етті. Туған жерге келген әр азамат ертен осы ауданның гүлденуіне, дамуына өз үлестерін қосатындықтарына сендіріп кеткендерін де айтып өтті.

Облыстық мәслихаттың төрағасы Қуат Байғожаев, Кеген ауданының әкімі Нұрбақыт Тенізбаев, республикалық ұйғыр этно-мәдени орталығының төрағасы Долқунғай Абдулхелил, танымал қаламгер Сауле Мағазбекқызы, Алматы облысының Құрметті азаматы Ызғарбек Бектұрсыннов, аудан ақсақалы Шамахан Нұрумов ізгі тілектерін ағытты. Абыз ақсақал Ызғарбек ағамыз тарихты танып қана тереңге бойлай алатынымызды ұғындырды. Қасиетті Қарадаланың ұлы тойы ұлағатқа толы істермен аталып өткеніне ризашылығын білдірді.

ТҮЙІН: Шығысы Аспанасты

елімен шектескен, батысында Бұғыты жоталары жамбастаған, ор жағында Үйсін таулары төбесін көкке тіреген құнарлы өлке, қасиетті мекен Ұйғыр ауданының 90 жылдығы осылайша аталып өтті. Бұл шаралардың көшін бастап тұрған – «Туған жерге туыңды тік!» деген қағида. Осы бір нақылды негізге алып, «Туған жерге кіндігің қаны тамған тұлғаның маңдайының да тері тамуы керек» деген игі бастаманы қолға алған аудан басшылығы апта бойы әр саланы қамтыған форумдар мен берері мол шаралар өткізді. Өткенімізді түгендеп, тарихтың қазығын нық қақпай, болашағымыз жарқын болады деп айта алмаймыз. Осы орайда, ағамыздың жасы, бабамыздың қаны тамған киелі өлкенің тарихын зерттеп, қазба жұмыстарын жүргізген тарихшылар топтастырған тарихи ескерткіштердің жинағы да осы күні таныстырылды. Оған өлкедегі барлық тарихи ескерткіштер легі енгізілді. Ауданның 90 жылдығына арналған шаралар соңы қазақ эстрада жұлдыздарының гала-концертіне ұласты. Қарадала төсінде елдіктің туын көтерген, халықтың жырын жырлаған дарындылар мен таланттардың басы қосылып, болашаққа қарай нық қадам басты. 90 жыл! Бұл – тарихтың өзі таратылған, танбалаған уақыт. Бұл – біздің өткеніміз, жетістігіміз және бүгінгіміз әрі келешегіміздің бастауы. Ендеше, ертеңіміз еңселі болсын!

Ұйғыр ауданы



БРИФИНГ

Тұмаудан сақтаныңыз!

Облыста жыл сайын жеті респираторлық вирус инфекциясымен орташа есеппен 500 мыңға жуық адам сырқаттанады. Жыл басынан бері 27 мыңнан астам адам аталған вирусты жұқтырған. Олардың 47%-ы – 14 жасқа дейінгі балалар.



Гүлзат БАЙҚОНЫСОВА

Ал өткен жылдың осы кезеңінде ЖРВИ-ға шалдыққандар саны 74 мыңнан асып, 64%-ы 14 жасқа дейінгі балалар болған. Яғни науқастар саны 64%-ға төмендеген. Бірақ облыстағы халық жиі қоныстанған Жамбыл, Еңбекшіқазақ, Іле аудандарында және Қонаев қаласында вирус жұқтырғандар саны көп. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында өткен баспасөз мәслихатында облыстың бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Марат Исмайылов мәлімдеді.

Спикердің айтуынша, биылғы эпидемиялық маусымда облыста А/Н3N2 тұмау типі өткен кезеңмен салыстырғанда ертерек басталған. Ал тұмауға қарсы екпе алу 30 қыркүйектен жалғасып келеді. Халықтың 6,5%-ы және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы міндетті түрде екпе салынуы тиіс деп белгілеген топтың 65%-ы, оның ішінде жүкті әйелдердің 78%-ы, медицина қызметкерлерінің 69%-ы, созылмалы аурулары бар адамдардың 48%-ы, жабық мекемелердегі адамдардың 94%-ы және қарттар үйіндегі жандардың 98%-ы вакцина алған. Инфекция көзі – аурудың айқын немесе жасырын түрі бар науқас адам. Алғашқы сағаттарынан

бастап бесінші күнге дейін жұғу қаупі жоғары.

– Тұмаудың асқинуынан сақ болу керек. Қазірдің өзінде жақсы зерттелген және бұрыннан белгілі болғанымен, тез мутацияға ұшырайтындықтан, оған қарсы тиімді ем әлі жоқ. Екі жасқа дейінгі балалар мен 65 жастан асқан қарт адамдардың тұмаумен ауыруы өлім жағдайына дейін алып келген жұмтау көп кездеседі. Бүгінгі таңда тұмаудан басқа оның 2000-нан астам нұсқасы, респираторлық вирустардың 200-ден астам түрі анықталды. Вирустар антигендік қасиеттері бойынша А, В және С деңгейдегі үш топқа бөлінеді, А типі – жоғары, В типі – орташа және С ең аз эпидемиялық мәнге ие. Биыл науқастардың 100 пайызы А типтегі вирусқа шалдыққан, – деген Марат Әділжанұлы алдын алу шараларына тоқталды. Айтуынша, ең тиімді әдіс – 60 жылдан астам уақыт бойы қолданылып келе жатқан тұмауға қарсы вакцинамен жыл сайын екпе алу. Сондай-ақ жеке қорғаныс құралдарын қолдану, науқастармен байланысты азайту, дәрігердің нұсқауы бойынша вирусқа қарсы дәрі-дәрмектерді қолданып, адамдар көп жиналатын жерлерден аулақ болу, бөлмені жиі желдету және дезинфекциялау, қолды жиі жуу қауіпті індеттен сақтайды.

Хабарландыру

Құрметті ауыл және қала тұрғындары! Алматыдан жаңадан ашылатын «Райымбек батыр» музейі тарихи бұйымдар мен құнды жәдігерлер қабылдайды. Үйіңізде қандай да бір құнды тарихи зат болса, сатып алуға дайынбыз!

Алматыдағы өз-бабамыз жерленген орында «Райымбек батыр» музей-кешенінің ашылуына дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Осыған байланысты бізге XVIII ғасыр дәуіріне тән заттар мен жәдігерлер, сондай-ақ сол кезеңнің тұрмыстық және соғыс жабдықтары қажет.



Музейге қажет үлгі заттары: батырлардың қару-жарақтары (қылыш, найза, айбалта, қалқан, сауыт, дулыға және басқалар), сол дәуірге тән ұлттық киім үлгілері (бас киімдер, ат әбзелдері), тұрмыстық бұйымдар (қазан, тостаған, ағаш ыдыстар, торсық, тері бұйымдары), зергерлік және әшекей заттары, ерлер мен әйелдердің сәндік бұйымдары, құжаттар, қолжазбалар, көне фотосуреттер, сол кезеңге қатысты материалдар керек. Бұған қосымша Райымбек баба жайлы ауызекі оқиғаларды да жинақтаймыз.

Барлық заттар арнайы қабылдау-тапсыру актісі арқылы тіркеліп, тиісті сактау талаптарымен қорғалады.

Келесік ұрпаққа ата-бабамыздың мұрасын аман жеткізуге бірге атсалысайық!

Батыр бабамызға қатысты немесе сол дәуірге байланысты дерек пен дәйекке толы ақпарат білсеңіз, байланыс шығуыңызды сұраймыз.

Байланыс телефоны: 8 708 652 2303, «Райымбек батыр» музей-кешенінің директоры – Қайсар Ғалымжанұлы.

БЖЗҚ салық заңнамасына енгізілген өзгерістерді естеріңізге салады

Өзекті сауалдар

1) Қолданыстағы Салық кодексіне әлеуметтік осал санаттарға жататын тұлғалардың біржолғы зейнетақы төлемі (БЗТ) түріндегі табысына салық шегерімдерін қолдану мерзімдеріне қатысты қандай өзгерістер енгізілді?

Қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес тұрғын үйге немесе емделуге біржолғы зейнетақы төлемдерін (БЗТ) пайдаланған кезде жеке табыс салығын (ЖТС) төлеу салымшының таңдауына қалдырылады: БЗТ алған кезде бірден немесе кесте бойынша зейнетақы төлемдеріне дейін кейінге қалдыру тәсілі. Сонымен қатар 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап әлеуметтік осал топқа жататын тұлғалардың БЗТ түріндегі салық салынатын табысына стандартты салық шегерімдері (882 АЕК шегінде) қолданылады. Бұл осы санатқа жататын алушылар БЗТ алған күннен бастап үш жыл ішінде ЖТС қайта есептеу мен өтеуді қолдану үшін БЖЗҚ-ға тиісті өтінішпен және растайтын құжаттармен жүгіне алатынын білдіреді. Алайда БЗТ-ны 2021-2022 жылдары алған адамдар әртүрлі себептермен бұл мүмкіндікті пайдалана алмады. 2025 жылғы 15 шілдеде қолданыстағы Салық кодексіне өзгерістер мен толықтырулардың қабылдануына байланысты жеке тұлғалардың осындай өтініштері үшін белгіленген талап қою мерзімі 3 жылдан 5 жылға дейін ұлғайтылды.

2) Кірістерді қайта есептеп, ЖТС қайтаруға кімнің құқығы бар екенін түсіндіріңіз? Қайда жүгіну керек?

Салық салынатын кірісті қайта есептеп, ЖТС қайтаруға құқығы бар жеке тұлғалардың тізбесі қолданыстағы Салық кодексіне айқындалған. Бұл бірінші, екінші немесе үшінші топтағы мүгедектер, мүгедек балалардың ата-аналарының немесе қамқоршыларының бірі, бала асырап алушылардың бірі, жетім балалардың асырап алушы ата-аналары, соғыс ардагерлері және басқа санаттар. Мұндай азаматтардың толық тізбесі ҚР Салық кодексінің 346-бабы 2) және 3) тармақтарында көрсетілген.

БЗТ бойынша салық салынатын табысты айқындау кезінде стандартты салық шегерімдері қолданылмаған зейнетақы төлемдерін алушылар, оларды қолдану құқығы болған жағдайда, шұғыл түрде – 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін (қоса алғанда) – БЖЗҚ-ның жақын жердегі филиалына кірістерді қайта есептеу және ЖТС өтеу үшін стандартты салық шегерімдерін қолдануға өтінішпен және растайтын құжаттармен («Мүгедектігі бар адамдардың орталықтандырылған деректер банкі» ААЖ-да алушының мүгедектігін растайтын мәліметтер болған жағдайда, тиісті растаушы құжаттар ұсыну талап етілмейді) шұғыл түрде жүгінуі қажет.

3) Уақытылы жүгінген кезде ЖТС қалай қайтарылады? Қабылданған өзгерістер қай кезеңде жарамды болады?

Стандартты салық шегерімі қолданылғаннан кейін ЖТС алушының жеке зейнетақы шотына, егер ол ұсталған болса, қайтарылады. Егер кейінге қалдырылған ЖТС таңдалса, онда 2026 жылғы 1 қаңтардан кейін ай сайынғы зейнетақы төлемдерін алған кезде оны төлеу жөніндегі міндеттемелер жойылады.

ЖТС қайтару бойынша белгілі бір санаттағы жеке тұлғалардың өтініштері үшін талап қою мерзімін ұзарту 2025 жылғы 31 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін қолданыста болады. Өйткені 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексі күшіне енеді және талап қою мерзімі қайтадан 3 жылды құрайды.

Сондықтан 2021-2022 жылдары БЗТ пайдаланған және стандартты салық шегерімдерін қолдануға құқығы бар барлық азаматтарға осы құқықты кейінге қалдырмауға және уақытында пайдалануға кенес береміз!

Сұрақтар туындаған жағдайда байланыс орталығына хабарласуға болады: 1418 (Қазақстан бойынша тегін), 8 (727) 356 10 60 (қалааралық және халықаралық қоңыраулар).

4) Мен 2 топтағы мүгедектігі бар адаммын, салықты қайтару үшін БЖЗҚ-ға құжаттар тапсырдым, ЖТС төлеуді кейінге қалдырған түрмен 5 000 000,00 тенге БЗТ-дан салықты толық мөлшері неге қайтарыламынын түсіндіруді сұраймын?

Естеріңізге сала кетейік, қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес тұрғын үй жағдайларын жақсартуға немесе емделуге ақы төлеуге біржолғы зейнетақы төлемдерін (БЗТ) пайдаланған кезде жеке табыс салығын (ЖТС) салымшының таңдауы бойынша төлеуге болады: БЗТ алған кезде немесе кесте бойынша зейнетақы төлемдеріне дейін кейінге қалдырумен. 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап әлеуметтік осал санаттарға жататын тұлғалар БЗТ түріндегі табысқа стандартты салық шегерімдерін қолдануға құқылы. Бұл ретте БЖЗҚ-дан БЗТ түріндегі салық салынатын табыс сомасы мынадай тәртіппен айқындалады:

БЗТ түріндегі табыс сомасынан Салық кодексінің тиісті баптарында көрсетілген салық шегерімдерінің сомасы алынады. Қорытынды қалдық салық салынатын табыс болып есептеледі.

Мысалы, егер салымшының 2021 жылы алған БЗТ түріндегі табысы 5 000 000,00 тенгені құраса, салық міндеттемелері 500 000,00 тенгені құрайды (5 000 000,00 * 10%), сонан кейін 2021 жылы 882 АЕК мөлшерінде 2 572 794,00 тенге (882 * 2 917,002 тенге) сомасында стандартты салық шегерімдерін қолданған кезде міндеттемелерді азайту бағытында салық түзетулері жүргізіледі.

Осылайша, салық міндеттемелерінің қалдығы (кейінге қалдырылған ЖТС) 242 720,60 тенгені құрайды, ол былайша есептелген: (5 000 000,00 - 2 572 794,00) * 10%.

Егер Сіз БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алушы болсаңыз және кейінге қалдырылған ЖТС сомасы толығымен немесе ішінара ұсталып, бюджетке аударылған болса, салықты қайтару үшін БЖЗҚ-ға берілген құжаттар негізінде 882 АЕК шегінде берешек қалдығын түзете отырып, ЖТС өтеледі және төленеді.

Жаңа Салық кодексінің күшіне енуіне байланысты 2026 жылғы 1 қаңтардағы қалған салық міндеттемелері 2026 жылғы қаңтарда жойылады.

5) Менің жұбайым 2 топтағы мүгедектікке ие және стандартты салық шегерімдерін қолданғаннан кейін салық міндеттемелері қалды. Салық міндеттемелерінің қалдығымен не болатынын түсіндіруді сұраймын?

01.01.2026 ж. бастап Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 18 шілдедегі №214-VIII ҚРЗ Салық кодексі қолданысқа енгізілді. Ол БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдері, Қазақстан Республикасының резидент-жеке тұлғаларының біржолғы зейнетақы төлемдері түріндегі табыстан ЖТС ұстап қалуды тоқтатуды көздейді.

01.01.2026 ж. жағдай бойынша БЖЗҚ салымшыларында (алушыларында) бар БЗТ-дан кейінге қалдырылған ЖТС бойынша барлық салық міндеттемелері жойылады.

6) 2026 жылдан бастап қай санаттағы тұлғалар үшін және зейнетақы төлемдерінің қандай түрлерінен ЖТС жойылды? Егер мен жеңілдікке ие азаматтар санатына жатпайтын болсам, БЗТ-дан бұрын ұсталған ЖТС-ты қайтаруға бола ма?

01.01.2026 ж. бастап қолданысқа енгізілетін жаңа Салық кодексінің ережелерінде ЖТС зейнетақы төлемдерінің барлық түрлерінен ұсталмайтындығы көзделген. Бұл өзгерістің алушы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын жағдайларға қатысты жоқ. ЖТС, сондай-ақ БЗТ-дан да ұсталмайды. Яғни Қазақстан Республикасының резиденттері болып есептелетін жеке тұлғаларға БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдеріне, біржолғы зейнетақы төлемдеріне ЖТС салынбайтын болады.

Жаңа Салық кодексінің ережелерінде бұрын ұсталған ЖТС-ты қайтару қозғалмаған, осыған байланысты салымшы ЖТС-ты біржолғы төлеммен бірақ төлеген жағдайда – ол қайтарылмайды.

7) Мен 2 топтағы мүгедек адаммын, мүгедектігі 2024 жылдың қарашасында берілді. Нәтижесінде мен 2022 және 2023 жылдары жүзеге асырған БЗТ-дан кірісті қайта есептеп, ЖТС қайтарудан бас тартылғанын түсіндіруді сұраймын?

Қолданыстағы Салық кодексіне сәйкес стандартты шегерімдер осы салық шегерімдерін қолдану үшін негіз туындаған, бар немесе болған күнтізбелік жылы қолданылады.

БЖЗҚ-ның 2022 және 2023 жылдары жүзеге асырылған БЗТ-ға стандартты салық шегерімдерін қолдануға құқығы жоқ, себебі БЗТ түріндегі табысты алған кезеңізде Сіз мүгедектігі бар адам санатында болған жоқсыз.

1 Айлық есептік көрсеткіш 2) 2021 жылғы айлық есептік көрсеткіш 2917 тенгеге тең болды

ЕНПФ наминает об изменениях в налоговом законодательстве

Актуальные вопросы

1) Какие изменения внесены в действующий Налоговый кодекс относительно сроков применения налоговых вычетов к доходу в виде ЕПВ лиц, относящихся к социально уязвимым категориям?

Как известно, при использовании одновременных пенсионных выплат (ЕПВ) на жилье или лечение согласно действующему налоговому законодательству оплатить индивидуальный подоходный налог (ИПН) можно на выбор вкладчика: сразу при получении ЕПВ или с отсрочкой до пенсионных выплат по графику. В тоже время с 1 января 2024 года лица, относящиеся к социально уязвимым категориям, имеют право на стандартные налоговые вычеты (в пределах 882 МРП) с доходов в виде ЕПВ. В этом случае получатели, относящиеся к социально уязвимым группам, могут обратиться с соответствующим заявлением и подтверждающими документами в ЕНПФ для перерасчета и возврата удержанного ИПН. Ранее срок подачи таких документов ранее составлял три года и есть те, кто изъял ЕПВ в 2021-2022 годах и по разным причинам сделать это не успели. 15 июля 2025 г. в действующий Налоговый кодекс были внесены изменения и дополнения, которые продлили срок давности, установленный для обращений физических лиц определенных категорий по возврату ИПН, с 3 до 5 лет.

2) Поясните, пожалуйста, кто имеет право на перерасчет доходов и возврат ИПН? Куда необходимо обратиться?

Перечень физических лиц, имеющих право на перерасчет налогооблагаемого дохода и ИПН, определен действующим Налоговым кодексом Республики Казахстан. Это лица с инвалидностью первой, второй или третьей групп, один из родителей или опекунов детей с инвалидностью, один из усыновителей (удочерителей), приемных родителей детей-сирот, ветераны боевых событий и другие категории. Полный перечень лиц указан в пунктах 2) и 3) статьи 346 Налогового кодекса РК.

Получателям пенсионных выплат, которым при определении облагаемого дохода по ЕПВ стандартные налоговые вычеты, при наличии права на их применение, не были применены, необходимо срочно – до 31 декабря 2025 года (включительно) – обратиться в ближайший филиал ЕНПФ с заявлением и подтверждающими документами (в случае наличия в ЦБДИ сведений, подтверждающих наличие у получателя установленной инвалидности предоставление соответствующих подтверждающих документов не требуется) на применение стандартных налоговых вычетов для перерасчета доходов и возмещения ИПН.

3) Каким образом будет возвращен ИПН при своевременном обращении? В течение какого периода будут действительны принятые изменения?

После применения стандартного налогового вычета ИПН будет возвращен на индивидуальный пенсионный счет получателя в случае, если он был удержан. Если был выбран отложенный ИПН, то после 1 января 2026 года будут аннулированы обязательства по его уплате при получении ежемесячных пенсионных выплат.

Продление срока давности для обращений физических лиц определенных категорий по возврату ИПН будет действовать по 31 декабря 2025г. включительно, поскольку с 1 января 2026 г. вступает в силу новый Налоговый кодекс Республики Казахстан и срок исковой давности снова составит 3 года.

Поэтому всем, кто получил ЕПВ в 2021-2022гг. и имеет право на применение стандартных налоговых вычетов, рекомендуем не откладывать и воспользоваться этим правом вовремя!

При возникновении вопросов можно обратиться в Call-центр: 1418 (бесплатно по Казахстану), 8 (727) 356 10 60 (междугородние и международные звонки).

Я являюсь лицом с инвалидностью 2 группы, подал документы в ЕНПФ для возврата налога, прошу разъяснить – почему не был возвращен полный размер налога с ЕПВ 5 000 000,00 тенге с отложенным видом уплаты ИПН?

Напомним, что согласно действующему налоговому законодательству, при использовании одновременных пенсионных выплат (ЕПВ) на улучшение жилищных условий или оплату лечения, оплатит индивидуальный подоходный налог (ИПН) можно на выбор вкладчика сразу при получении ЕПВ или с отсрочкой до пенсионных выплат по графику. С 1 января 2024 года лица, относящиеся к социально уязвимым категориям, имеют право на применение стандартных налоговых вычетов к доходу в виде ЕПВ.

При этом сумма облагаемого дохода в виде ЕПВ из ЕНПФ определяется в следующем порядке:

От суммы дохода в виде ЕПВ отнимается сумма налоговых вычетов, указанных в соответствующих статьях Налогового кодекса. Итоговый остаток и является облагаемым доходом.

Например, если доход вкладчика в виде ЕПВ в 2021 году составил 5 000 000,00 тенге с налоговыми обязательствами 500 000,00 тенге (5 000 000,00 * 10%), то при применении стандартных налоговых вычетов в размере 882 МРП за 2021 год в сумме 2 572 794,00 тенге (882 * 2 917,00 тенге) производится корректировка налоговых обязательств в сторону уменьшения.

Таким образом, остаток налоговых обязательств (отложенный ИПН) составит 242 720,60 тенге, который рассчитан следующим образом: (5 000 000,00 – 2 572 794,00) * 10%.

Если Вы являетесь уже получателем пенсионных выплат из ЕНПФ и сумма отложенного ИПН была уже полностью или частично удержана и перечислена в бюджет, на основании поданных в ЕНПФ документов для возврата налога будет произведено возмещение и выплата возмещенного ИПН с корректировкой остатка задолженности в пределах 882 МРП.

Оставшиеся налоговые обязательства на 1 января 2026 года в связи с вступлением в силу нового Налогового кодекса будут аннулированы в январе 2026 года.

Мой супруг имеет инвалидность 2 группы и после применения стандартных налоговых вычетов остались налоговые обязательства. Прошу разъяснить, что будет с остатком налоговых обязательств?

С 01.01.2026 г. вводится в действие Налоговый кодекс Республики Казахстан №214-VIII ЗРК от 18 июля 2025 года, предусматривающий освобождение от удержания ИПН с дохода в виде пенсионных выплат из ЕНПФ, одновременных пенсионных выплат физических лиц – резидентов Республики Казахстан.

Все налоговые обязательства по отложенному ИПН с ЕПВ, имеющиеся у вкладчиков (получателей) ЕНПФ по состоянию на 01.01.2026 г., будут аннулированы.

Для какой категории лиц отменен ИПН с 2026 года и с каких видов пенсионных выплат? Возможен ли возврат ранее удержанного ИПН с ЕПВ, если я не являюсь льготником?

Положениями нового Налогового кодекса, вводимого с 01.01.2026 г., ИПН не будет удерживаться со всех видов пенсионных выплат за исключением случаев, если получатель является нерезидентом Республики Казахстан, а также не будет удерживаться с ЕПВ. То есть, пенсионные выплаты из ЕНПФ, единовременные пенсионные выплаты физическим лицам, являющимися резидентами Республики Казахстан, не будут облагаться ИПН.

Положениями нового Налогового кодекса возврат ранее удержанного ИПН не предусмотрен, в связи с чем в случае уплаты вкладчиком ИПН одновременно – он возвращается не будет.

Я являюсь лицом с инвалидностью 2 группы, инвалидность присвоена в ноябре 2024 года. Прошу разъяснить, почему мне отказали в перерасчете дохода и возврата ИПН с ЕПВ, которые я осуществил в 2022 и 2023 годах?

Согласно действующему Налоговому кодексу стандартные вычеты применяются в том календарном году, в котором возникло, имеется или имелось основание для применения данных налоговых вычетов.

К ЕПВ осуществленным в 2022 г. и 2023 г. ЕНПФ не вправе применить стандартные налоговые вычеты в связи с тем, что на момент получения дохода в виде ЕПВ Вы не являлись лицом с инвалидностью.

1 Месячный расчетный показатель 2) Месячный расчетный показатель в 2021 году составляет 2917 тенге

01.12.2025 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде ndbecology.gov.kz БЭП сайтында Алматы облысы Талғар ауданында орналасқан «Талғарское-II» сазды топырақ кен орнында жер қойнауын пайдалану салдарын жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Талғарский кирпичный завод» ЖШС, БСН 950740000923, мекен-жайы: Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар қаласы, Пушкин көшесі, 75. Тел: 87015454238, m.assainova@mail.ru. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Құрманғалиев Р.А.» ЖҚ, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267есо@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13. С 01.12.2025 г. в течении 10 рабочих дней на сайте ЕЭП ndbecology.gov.kz. проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации последствий недропользования на месторождении сульфидов «Талғарское-II», расположенном в Талғарском районе Алматинской области. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Талғарский кирпичный завод», БИН 950740000923, адрес: Алматинская область, Талғарский район, г.Талғар, ул. Пушкина, 75, тел: 87015454238, m.assainova@mail.ru. Разработчик экологического проекта ИП «Құрманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267есо@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Қонаев, Проспект Жамбыла, 13.

01.12.2025 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде ndbecology.gov.kz БЭП сайтында Алматы облысы Іле ауданында орналасқан «Чиликемирское» №4 уч. құрылыс құмы кен орнында жер қойнауын пайдалану салдарын жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Ай-Кун Тур» ЖШС, БСН 130440009102, мекенжайы: Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 90, 13-көне, пошта индексі 050000. Тел: 87015454238, m.assainova@mail.ru. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Құрманғалиев Р.А.» ЖҚ, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267есо@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13. С 01.12.2025 г. в течении 10 рабочих дней на сайте ЕЭП ndbecology.gov.kz. проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации последствий недропользования на месторождении строительного песка «Чиликемирское» уч.№4, расположенном в Илийском районе Алматинской области. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Ай-Кун Тур», БИН 130440009102, адрес: г.Алматы, ул. Шевченко, 90, офис 13, Почтовый индекс 050000, тел: 87015454238, m.assainova@mail.ru. Разработчик экологического проекта ИП «Құрманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267есо@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Қонаев, Проспект Жамбыла, 13.



ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА

ДАҢҚТЫ БАБАНЫҢ ДАРА ЖОЛЫ



Алматыдағы Қонаев атындағы университетте халықаралық «Қадырғали Жалайыр», «Мұқалы бағадүр» қорлары және «Анда» шежіре отауының ұйымдастыруымен «Мұқалытану» атты халықаралық симпозиум өтті. Алқалы басқосуға белгілі ғалымдар, тарихшылар мен қаламгерлер қатысты.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Жиынды ашып, жүргізіп отырған заң ғылымдарының докторы, профессор, Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының ректоры, Қадырғали Жалайыр қорының президенті Әмірәлі Жалайыри аталған басқосудың мақсаты мен міндеті туралы айта келіп, симпозиум жұмысына сәттілік тіледі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ел тарихын азат санаға негізделген жаңа көзқараспен қайта қарастырып, оны тәуелсіз ғылыми ұстаным тұрғысынан жүйелеу және ғылыми айналымға енгізу міндетін алға қойды. Бұл бастама ұлттық бірегейлікті нығайтуға, тарихи сананы жаңғыртуға және қоғамның рухани дамуына серпін беруге бағытталған, – деді ол сөзінің басында. – Осы үлкен табылу мақсатында Шыңғыс қаған құрған Еке Моғол ұлысы кезеңіндегі халқымыздың алдаспан бабадүрі, адамзат ардақ тұтқан қолбасшы-генералиссимус Мұқалы Қунқуарұлының елдік пен ерлікке толы жеңісті жолын ұрпақ санасына сіңіру жұмыстары жүргізіліп келеді. Бұл тәуелсіз мемлекетіміздің тарихнамасындағы жарқын да жаңа жылнама болатыны анық. Халықаралық симпозиум тарихқа тың көзқарас, соны соқпақ салуға жол ашады деп сенемін.

Аталған шарада Қытай Халық Республикасынан келген қаламгер, Қытай мемлекеттік сыйлығының лауреаты Әкбар Мәжиттің «Мұқали» атты туындысының, «Анда» шежіре отауының мүшелері мен мемлекет және қоғам қайраткері Наурыз Қылышбаевтың бірлесе шығарған «Жампоз» кітабы мен ақын, Шыңғысхан академиясының академигі

Әміре Әрннің «Әлем мойындаған Мұқалы» атты жинағының тұсаукесер рәсімі өтті. Бексұлтан Нұржеке, Мәмбет Қойгелді, Қыдыр Тәжібаев, Токтарбай Керімқұлов, Орынбасар Тазабеков сынды танымал тұлғалар аталған үш кітаптың лентасын қиғаннан кейін баяндамаға кезек берілді.

Алғашқы болып сөз алған тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан тарихшылар қауымдастығының төрағасы Мәмбет Қойгелдиев «Өз тарихымызды өзіміз жазатын күн туды» тақырыбында еліміздегі тарих ғылымының бүгінгі мен болашағына тоқталып, Мұқалы Қунқуарұлының тарихта алар орны жайлы ойын ортаға салды. Жазушы Бексұлтан Нұржеке «Мұқалы мен Сұң елшісі» тақырыбын қозғап, Шыңғыс ханның шығу тегі мен Мұқалыға қатысты тың деректерді көпшілік назарына ұсынды.

Ал Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ежелгі және орта ғасырдағы Қазақстан мен іргелес елдер тарихы бөлімінің менгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты Жанымхан Ошан Ресей империясы мен Кеңес өкіметі кезінде қазақ халқының тарихына қатысты жазылған еңбектерде бұрмалауға ұшыраған деректерді жариялады. Арқа төсінен бейнебайланысқа шыққан Астана қаласындағы Ұлттық қорғаныс университетінің ректоры, генерал-майор Асқар Мұстабеков даңқты қолбасшының әскери жорықтары мен жеңісті жолдарын қазақ жауынгерлеріне үйретудің қажеттілігін баса айтты.

Келесі болып мінберге көтерілген Алматы облысының Құрметті азаматы Наурыз Қылышбаев «Жеті жұрттың қамын жеген Мұқалы» тақырыбында баяндама жасап, сөзінің соңында мұқалытануға үлес қосып, аталған кітаптардың шығуына қолдау көрсеткен және билер мен батырлар кесенесін қалпына келтіру жұмыстарымен айналысатын азаматтарға алғыс білдірді.

Жыны барысында Алматы облысының Құрметті азаматы, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Тынышбай Досымбеков «Мұқалы – стратег әрі ұлы қолбасшы», Қытайдан келген қаламгер Әкбар Мәжит «Мұқалы ұрпақтары», ақын Әміре Әрін «Мұқалытану – ұлт мерейі, рух қайнар» деген тақырыптарда баяндама жасап, күн тәртібіне қойылған мәселе төңірегінде тың ойлар айтып, тиімді ұсыныстарымен бөлісті.

Алқалы жиынының соңына қарай Қытайдан келген арнайы делегация өкілі Қонаев университетінде ҚХР Коммунистік партиясының төрағасы Си Цзиньпин атындағы зерттеу орталығы мен баспаны салтанатты түрде ашты.

БАСПАСӨЗ – 2026

Республикалық әдеби-мәдени, танымдық «Мұқағали» журналының биылғы бесінші саны қазақ ән өнеріне өлшеусіз үлес қосқан ұлы композитор Нұрғиса Тілендиевтің арналады. Ақын бұл дүниемен қош айтысқаннан кейін композитордың мөлдір моншағы үзіліп, егіле жазған «Есіңе мені алғайсың» қолпашы-хаты да журнал бетінен орын алған. Мақала отыз жыл бұрын жазылса да, әлі күнге жүрек тебіrentіп, қайран қалдырады.

АҚЫН МҰРАСЫН АРДАҚТАҒАН

Гүлзат БАЙҚОНЫСОВА

Алдымен ақиық ақынның күп-күрең мезгілдің бейнесін өз жанының қатпарлы сырымен байланыстырған, өмірдің қат-қабат белестеріндегі қоңыр күзге ұқсап күнренген адам шіркіннің өтпелі ғұмырын суреттеген өлеңдері берілген. Одан әрі Нұрғиса Тілендиевтің ғұмыр жолынан ақпарат ұсынылып, композитор жайлы ой толғаған тұлғалардың пікірі топтастырылған. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын, Мұқағали Мақатаев атындағы сыйлықтың лауреаты Айтқын Әбдіқалды «Нұрғиса мен Мұқағали» атты мақаласы қос алыптық талант тоғыстырған тағдырына терең бойлағалы. Мұқағали ақын өмірден өтерден бір жыл бұрын Нұрағанның үйінде бір ай бойы 30-дан астам туындыны өмірге әкеледі. Жыр болып төгілген өлең жолдары әуен ырғағымен мінсіз үйлесіп, мәңгілік музыкаға айналады. Ақын бұл дүниемен қош айтысқаннан кейін композитордың мөлдір моншағы үзіліп, егіле жазған «Есіңе мені алғайсың» қолпашы-хаты да журнал бетінен орын алған. Мақала отыз жыл бұрын жазылса да, әлі күнге жүрек тебіrentіп, қайран қалдырады.

«Дін – ғылымның анасы» бөлімінде ақын, «Мөлдір бұлақ» журналының бас редакторы Дәулетбек Байтұрсынұлының «Абай мен Мұқағали» мақаласында екі ақынның имандылық тақырыбындағы үндестігіне салыстырмалы талдау жасалған. Сондай-ақ дінтану ғылымының магистрі Қызырғазы Мәлікұлы «Ғажап құбылыс еді...» деген тақырыпта М.Мақатаев жырларындағы Ислам құндылықтары жайлы ой қозғаған.

Зерттеуші Сағатбек Медеубекұлы «Мұратбек би» атты туындысында оның әділдігі, шешендігі мен даналығын сөз еткен. Халық үнін дөп басып, ел-жұртқа абыройы асқан данагөй қарттың оқиғасы көптің көкейіне қонып, санасын сілкіп-ақ кетеді.

Мұқағали ақынның өлеңімен қатар күнделік жазбалары – бізге жеткен құнды мұраның бірі. Бұл туралы сатирик жазушы Ермахан Шайхыұлы «Ақын неге, неден жабырқалды?» мақаласында ағынан ақтарылған ақынның жүрек төріне бойлайды.

Ақын Светкалі Нұржанның «Балалықтың боз жейдесі» прозасы басылымның осыған дейін бірнеше санында беріліп, оқырман қызыға оқитын туындыға айналған. Ауылдағы жаймашуақ өмір, балалықтың бал дәурені, жамағайын арасындағы қызғы мен шырғиғы мол оқырған шығарма арқауына айналған. Автор тек баяндап қана қоймайды, астарынан мән тауып, түйдек-түйдек ой ағымын ағытады. Ескі күнді еске алып, ауыл адамдарының жарасымды мінез-құлқын көркем тілмен көмкеріп, жанына рухани ләззат сыйлайды.

Журналдың әр санында поэзияға ерекше көңіл бөлініп, үздік жыр шумақтары жарияланып тұрады. Бұл санда нарынқолдық Бақыт Бұқарбек пен жас ақын Дәулет Жадырсынның өлеңдері берілген.

Татар халқының жазушысы Зүлфат Хакимнің «Бәткенке» әңгімесі шиеленісті сюжетке құрылған. Қазақшаға аударған – Саят Қамшыгер. Ұрықтың арты бір-ақ тұтам екенін жеткізгісі келген автор адал жүріп, әділ өмір сүруге шақырады.

Басылымның қысқентай оқырмандары да назардан тыс қалмаған. Белгілі балалар жазушысы Толымбек Әбдірайымның «Ойыннан шыққан от» шығармасы санды қорытындылаған. Жазушы ойын қуып, бос желікке ұрыңған қос жеткіншектің оқиғасы арқылы ойланбай істеген әрекеттің өтеуі үлкен болатынын жеткізіп, балаларды ізгілікке тәрбиелейді.

«Мұқағали» журналының бесінші саны тұлғалардың тағылымды тағдырынан мол ақпарат беріп, прозаның жауырын теріп, поэзияның үздігін беріп, зерттеу еңбектерімен толықтырылған. Журналды серік еткен жан рухани лімнің қайнарына батып, қызығына шарпылатыны сөзсіз. Сондықтан басылымға жазылып, қолдау білдіру – әрбір ойлы оқырманның парызы.

РУХАНИЯТ

Кітапқа күштарлық

Қазақ оқырманы арасында бестселлерге айналған «Тастамашы, ана!», «Ертегісіз өткен балалық», «Көше балалары» кітаптарының авторы, башқұрт жазушысы Айгиз Баймұхаметов пен аталған туындыларды қазақ тіліне аударған аудармашы, ақын Саят Қамшыгер А.Мәлкеев атындағы Есік «Білім-Инновация» лицейіне арнайы келіп, оқушылармен кездесу өткізді.



Құралай МҰРАТҚЫЗЫ

Бұл кездесудің мақсаты – лицейде өткен кітап оқу жарысының алғашқы кезеңін қорытындылап, кітапқұмар өрендерді марапаттау, балаларды өздері оқыған шығарма авторымен жүздестіріп, сауалдарына жауап алуға мүмкіндік жасау. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы – кітап оқу. Сондықтан кітап оқу мәдениетін қоғамда барынша орнықтыруымыз керек», – деген еді. Бұл идея – өскелең ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруді мақсат еткен лицей ұжымының да басым бағыттарының бірі. Сөзіміздің нақты дәлелі – білім ордасының сабақ кестесіне енгізілген «Кітап оқу уақыты». Оқушылар бұл уақытта күнделікті 15 минутын

кітап оқуға арнайды. Ал оқылған кітаптың оқиға желісі мен ондағы кейіпкерлердің іс-әрекеттерін, шығармадан түйгендерін балалар ай сайын ұстаздарымен бірге талқылап, пікір алмасалы. Бұл – оқушылардың кітап оқуды әдетке айналдыруы, сол арқылы оқитын орта қалыптастыру үшін жасалып жатқан үлкен кадам. Аталған жарысқа лицей оқушылары түгел қатысып, берілген кітаптарды бір топсанда толық оқып, сол шығармалар бойынша жаппай тест тапсырады. Ал тесттен 30 пайыз жинаған оқушылар түрлі сыйлықтармен марапатталады. Бірінші топсанда 7-сынып оқушылары – Б.Соқпақбаевтың «Жекпе-жек», А.Баймұхаметовтің «Тастамашы, ана!», «Ертегісіз өткен балалық» шығармаларын, 8-сынып оқушылары – М.Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасы»,

А.Баймұхаметовтің «Тастамашы, ана!», «Ертегісіз өткен балалық», 9-сынып оқушылары – М.Әуезовтің «Қылы заман», Д.Исабековтің «Тыныштық күзетшісі», Б.Майлиннің «Құлпаш», 10-сынып оқушылары – Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша», В.Янның «Шыңғыс хан» және 11-сынып оқушылары – А.Экзюперидің «Кішкентай шағзад» мен Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» кітаптарын оқыды. «Кітап оқу – жай ғана ақпарат алу емес, жан дүниені тәрбиелеу мен ойды жетілдірудің ең бағалы жолы. Осы орайда оқушыларымызды кітап оқуға ынталандырып, жарыс ұйымдастырып, бағалы сыйлықтар ұсынып отырған лицейдің әкелер кеңесіне алғысымыз шексіз», – дейді А.Мәлкеев атындағы Есік «Білім-Инновация» лицейінің директоры Жәнібек Беркіндолда.

Бірінші топсандағы кітап оқу жарысы нәтижесінде 190 оқушы бағалы сыйлықтармен марапатталды. Тест жүрегінен ең көп балл жинаған 7 оқушыға велосипед беріле, қалған балалар Marshal Major, BUDS құлаққаптары, Redmi Watch, Kitapal сертификаттары, Мұхтар Мағауиннің «Қазақ тарихының әліппесі», «Алтын Орда» кітаптары, Istanbul дәмханасынан таңғы ас пен басқа да сертификаттарға ие болды.

Кітап оқу жарысының ұйымдастырып жатқан азаматтардың көрегенділігі мен өскелең ұрпаққа деген жанышылдығын ерекше атап өткен Айгиз Баймұхаметов: «Адам үшін ең үлкен байлық – білім. Ал білім – кітапта! Осынау керемет жарысқа ерекше құлшыныспен қатысып жатқан бүгінгі балалар болашақта өздері де осындай игі істердің жанынан табылатынына сенемін», – деді.

Кездесу барысында Саят Қамшыгер: «Айгиз Баймұхаметовтің «Құсқа айналам бір күні» атты кітабын аударып жатырмын, жақын арада қазақ тілінде жарыққа шығалды», – деді. Сондай-ақ 16 тілге аударылып, 10 шақты театрда сахналанып, халықтың үлкен қошеметіне бөленген «Тастамашы, ана!» мен «Ертегісіз өткен балалық» кітаптарының желісімен елімізде жана фильм түсіру жұмыстары басталып кеткенін де сүйіншілеп жеткізді.

Алтын уақытын арнап алыстан келген кеш қонақтарына алғысын білдірген лицей директоры Жәнібек Беркіндолда Айгиз Ғизатұлына ұжым атынан қазақтың қонақжайлығын танытып, шапан жауып, сый-сияпат жасады.

Еңбекшіқазақ ауданы

ЖӘДІГЕР

Академиктің домбырасы

Қазақстан ғылымы мен мәдениетінің ірі тұлғаларының бірі – академик Қаныш Сәтбаевтан қалған қазыналы діниелер көп. Ғалымның мұралары – біздің төл мәдениетіміздің айнасы, мәңгілік қазынасы. Сол мәнді мұралардың қатарында оның Алматыдағы жеке музейінде жәдігер ретінде сақталған домбырасы ерекше орын алады. Бұл аспап – қазақ мәдениетінің үлгісі ғана емес, мыңдаған ғасырлық тарихы бар ұлттық өнердің жемісі.

Қаныш Имантайұлы –өзінің ғылыми қызметімен қатар, ұлттық дәстүр мен мәдениеттің қамқоршысы болған адам. Оның домбырасы – халық мұрасына деген сүйіспеншілігі мен құрметін айқын көрсететін ерекше жәдігер. Ғалымның домбырада ойнағанын бірнеше дерек растайды. Ол музыкалық өнерді ерекше сүйіп, оны насихаттауға үлкен мән берген. Сонымен қатар ол орындаған бірнеше ән Александр Затаевичтің «Қазақ әндері мен күйлері» жинағында орын алған. Жәдігердің сақталуы – қазақ мәдениетінің асыл мұрасын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің маңызды бір жолы. Сондықтан халқымыздың ұлы қайраткерінің рухани мұрасын қадірлеп, келешекке аманаттау – парызымыз.

Гүлжан НАЗЫМБЕТОВА, Академик Қ.Сәтбаев мемориалдық музейінің директоры, PhD



Бас редактордың бірінші орынбасары: Алма ЕСЕНБАЙ
Бас редактордың орынбасары: Болат МӘЖИТ
Жауапты хатшы: Шолпан НҰРЖАУОВА

Меншікті тілшілер: Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ 8 701 254 97 55
Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАНБАЕВ 8 701 347 60 32
Тұлғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ 8 702 488 56 12
Еңбекшіқазақ ауданы – Құралай МҰРАТҚЫЗЫ 8 700 573 30 11
Іле ауданы, Алатау қаласы – Бағдат ШОЙБАС 8 705 261 50 98
Ұйғыр ауданы – Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ 8 702 213 95 83
Райымбек ауданы – Жұмабек ТҮРДИЕВ 8 777 029 45 22
Кеген ауданы – Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ 8 777 218 63 25
ЖАРНАМА БӨЛІМІ: Жауһар АМАНГЕЛДИЕВА 8 708 210 95 71
alatau_jarnama@mail.ru 8 747 688 17 41

Газет облыстың бөлінуіне байланысты 2024 жылдың 3 қыркүйегінен Қонаев қаласынан шығады
Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді
«Алатау арайы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек
Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордағы ашық дереккөздерден алынады
Газет алғашына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2024 жылы 2 ақпанда қайта тіркеліп, № KZ22VPY00086933 куәлігі берілген. Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады. М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1. Тапсырыс – 1187
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – 12 000, оның ішінде, «Алатау арайы» газетінің осы шығарылымының таралымы – 7 823. Индексі – 64792.
Жетекші редактор: Айжарық КӨПТІЛЕУОВ

Бас редактор: Қуаныш ТҰНҒАТАР

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.